

САРАПТАМА

ПАРЛАМЕНТТІК
РЕФОРМА

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №91-92 (6654) 17 қазан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ӘКІМ

ТАЗА ҚАЛА – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Алматыда экологиялық бақылау күшейді

Шәһар басшысы Дархан Сатыбалдының төрағалығымен «Таза Қазақстан» бағдарламасының іске асырылу барысына арналған жиын өтті. Онда күзгі экологиялық айлықтың қорытындылары, жалпықалалық сенбілік пен санитарлық тазалық шараларының нәтижелері талқыланды.

Айлық аясында мегаполистің серіз ауданында сенбіліктер өткізіліп, арықтар, аялдамалар мен аулалар тазаланды. Сонымен қатар, тұрғындар «Жасыл аула» акциясына белсенді қатысуда. 18-19 қазан күндері қалада көгалдандыру мақсатында көшеттер таратылады.

Қала әкімі бағдарламаның экологиялық бастама ғана емес, барлық коммуналдық қызмет пен тұрғындарды біріктіретін жүйелі бастама екенін атап өтті. Ол жауапты органдарға тұрғындардан түсетін өтініштерге жедел жауап беруді, түсіндіру жұмыстарын күшейтуді және экологиялық мәдениетті арттыруды тапсырды.

Полиция департаментімен бірлесіп, экологиялық және әкімшілік заңнамалардың орындалуы бақылауға алынған. Жыл басынан бері 100-ге жуық заңсыз қоқыс үйіндісі жойылды. Қала аумағы тұрақты бейнемониторинг арқылы бақыланып, мәліметтер жедел басқару орталығына жіберілуде.

Дархан Сатыбалды атмосфералық ауаның сапасын жақсарту және экологиялық заң бұзушылықтардың алдын алу бағытында рейдтерді тұрақты түрде жүргізуді тапсырды.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҰЫЗЫ.

WORLD INCLUSION CONGRESS – WIC 2025

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

Қазақстан ұсынған декларация әлемдік деңгейде мақұлданды

Алматыда алғаш рет Инклюзивті білім берудің дүниежүзілік конгресі (World Inclusion Congress – WIC 2025) басталды. Білім беру саласының тиімділігін әлемдік деңгейде талқылауды мақсат еткен жиын қаламызда 15–17 қазан аралығында өтеді.

Алматыдағы айтулы жиын инклюзивті білім берудің жаңа дәуірін қалыптастыруға және баршаға қолжетімді білім беру ортасын дамытуға бағытталған бірегей халықаралық платформа. Оған әлемнің 40 елінен 1200-ден астам қатысушы жиналған. Олардың қатарында министрлер, халықаралық ұйымдардың өкілдері, білім және технология саласының көшбасшылары мен танымал эксперттер бар.

Конгресс барысында Инклюзивті білім беру жөніндегі Алматы декларациясын қабылдау ұсынылған. Декларацияда ұлттық үкіметтерге, білім беру ұйымдарына және халықаралық қауымдастыққа арналған ұсыныстар қамтылған. Олардың қатарында білім алмасу және тәжірибе тарату платформаларын құру, бірлескен жобаларды дамыту және қолдау, дамушы елдерге көмек көрсетуді кеңейту, инклюзивті білім беру бойынша мониторинг пен есеп беру механизмдерін енгізу сынды мәселелер бар.

– Бұл декларация – адами капиталды дамыту, әлеуметтік бірлікті нығайту және заманауи технологиялар арқылы жаңа мүмкіндіктер ашу үшін нақты бағдар. Қазақстан тарапынан ұсынылған декларация әр баланың әлеуетін толық ашуға бағытталған. Біз «Білім – баршаға» қағидаты аясында инклюзивті білім беруді қажет ететін тұлғалардың сапалы және тең қолжетімді білім алуын қамтамасыз ететініне сенеміз. Инклюзивті білім беру – біздің құндылықтарымыздың және болашаққа құрылған сеніміміздің айнасы. Ол әділетті, қамқор және баршаға ашық мемлекеттің негізі болып табылады, – деді Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz

5



ПРЕЗИДЕНТ

Қасым–Жомарт ТОҚАЕВ:

МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ

кең ауқымды талқылау арқылы қабылдануға тиіс

«АҚШАМ–АҚПАРАТ» хабарлағандай, өткен аптада Президент «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауын іске асыруға бағытталған Парламенттік реформа бойынша ұсыныстар тұжырымдау мақсатында арнайы өкімімен Жұмыс тобын құрған еді. 14 қазанда Мемлекет басшысының қатысуымен Парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобының алғашқы отырысы өтті.

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ:
МЫЗҒЫМАС ҰСТАНЫМ

– Парламенттік реформа – еліміздің алдында тұрған аса маңызды, жауапты жұмыс, еліміздің, халқымыздың тағдырына тікелей қатысы бар мәселе. Жұмыс тобының әр мүшесі осы тарихи міндетті дұрыс түсініп, белсенді жұмыс істейді деп сенемін. Мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту стратегиясын «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай жүргізе беру маңызды. Бұл – елімізде Президенттік билік жүйесінің тиімділігі сақталады деген сөз. Жалпы, бір палаталы Парламентке көшу халықаралық үрдіске толық сай келеді. Әлем елдерінің үштен екісінде осындай парламенттік жүйе қалыптасқан. Дәл қазір бізге керекі – ортақ ұстаным және парасатты, салмақты ұсыныс. Сондықтан барлық ой-пікірді, ұсынысты мұқият зерттейміз, егжей-тегжейлі қараймыз. Бір палаталы Парламент құру туралы бастама инновациялық саяси шешім болды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атап өткендей, «парламенттік реформа – аса күрделі жұмыс. Асығыстыққа жол беруге болмайды. Себебі, бұл – еліміздің тағдырын шешетін жағдай. Бұл – мемлекеттің болашағына тікелей ықпал ететін қадам. Мұндай маңызды шешім кең ауқымды талқылау арқылы қабылдануға тиіс. Қазақстан – халық үніне құлақ асатын Әділетті мемлекет. Бұл – мызғымас ұстаным».

ЕЛІМІЗДЕГІ САЯСИ ЖҮЙЕНІҢ
НЕГІЗГІ ТІРЕГІ

– Мемлекет басшысы ретінде мен үшін Парламент – еліміздегі саяси жүйенің негізгі тірегі. Сондықтан алдымен Конституцияға бірқатар өзгеріс енгізу қажет бо-

САРАПТАМА

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА –

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сай келеді

Парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобының бірінші отырысын сараптасақ, онда Мемлекет басшысы биылғы Жолдауындағы Парламенттік реформа жайлы ұсынысы арқылы сарапшылар мен азаматтық қоғам өкілдерінің пікірін ескергенін байқаймыз. Ұзақ жылдардан бері сарапшылар елімізге бір палаталы Парламент қажет екенін айтып келді. Себебі, екі палаталы Парламент федеративті мемлекеттерге тән. Ал Қазақстан унитарлы мемлекет.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК
ҮШІН МАҢЫЗДЫ

Президент өз сөзінде алдағы реформаның концептуалды тұстарын атап өтті. Бұл – біздің ұлттық мүддемізге негізделген стратегиялық міндетті айқындау әрекеті болып саналады. Реформаларды эволюциялық



лады. Негізгі заңның 40-қа жуық бабы өзгереді. Содан соң кем дегенде 10 конституциялық заңға және 50-ден астам кодекс пен заңға түзету енгізу керек болады. Мұны жаңа Конституция қабылдаумен тең келетін іс деуге болады. Әрине, бұл жұмыстың бәрін табан астында, бір сәтте жүзеге асыру мүмкін емес. Тыңғылықты дайындық керек. Маңызды мәселеге назар аударғым келеді: Парламентті реформалау, бұл – Сенатты тарату деген сөз емес. Мұндай қате пікірге жол беруге болмайды. Біздің алдымызда тұрған мақсат – айқын. Біз өкілді билік тармағын түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Осылайша азаматтарымыздың мүдделері мен тілек-ниетін білдіретін заң шығарушы орган мүлде жаңа сипатқа ие болады, – деді Президент.

Спикер алдағы реформаның кейбір концептуалды тұстарына қатысты үш мәселені атады. Біріншіден, азаматтардың сұранысы, төл ерекшелігіміз бен еліміздің түпкі мүддесі ескеріледі. Парламенттік реформа кезең-кезеңімен іске асырылып келе жатқан ауқымды саяси жаңғырумен үндес. Екіншіден, парламенттік реформа «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сай келеді. Ал бұл – мемлекетіміздің құрылымын айқындайтын басты тұжырым. Түптеп келгенде, парламенттік реформа және осыған дейін жүзеге асырылған реформалар бұрын-соңды болмаған,

шын мәнінде, жаңа басқару жүйесінің негізін қалайды.Үшіншіден, алдағы реформа экономика, әлеуметтік және технологиялық даму секілді басқа да салалардағы жан-жақты жаңғырулармен үйлесім табады.

ЗАҢ ҚАБЫЛДАУДА ҚАТЕЛІК
ЖІБЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Президент цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу күллі әлемдегі мемлекеттік басқару жүйесін өзгертетінін атап өтті. Бірқатар елде қазірдің өзінде «электрондық немесе цифрлық парламент» элементтері сынақтан өткізіле бастағанын қадап айтты. Бұл азаматтарды саяси өмірге араластырудың жаңа формаларын қамтамасыз етіп, заң шығару үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында жасалатынына маңыз берді. Келешекте бұл үрдіс күшейе түспек. Сондықтан осы бағытқа саналы түрде күш салу қажет. Алдағы уақытта е-Parlament қазіргі электрондық үкімет – eGov сияқты сұранысқа ие құралға айналуы мүмкін. Сол себепті, бір палаталы Парламентке өту бір есептен жұмыстың жаңа қалыбы мен қарқынына, тез шешім қабылдауға бейімделуді көздейді.

Президент тұжырымдағандай, «Заман өзгеріп жатыр, ол өз талабын орындатады, е-Parlament жүйесі қыр астында тұр. Жақында өмірімізге дендеп енуі мүмкін. Сондықтан Заң шығару жұмысын жақсартудың жаңа тетіктерін енгізу аталған

үдеріспен қатар жүруі қажет. Мұны халық аралық тәжірибе де көрсетіп отыр. Бұл ретте болашақ депутаттар корпусының білімі мен білігі маңызды факторға айналмақ. Олардың қатарында нағыз кәсіби мамандар болуы керек. Парламент кәсіби болуға тиіс. Бұл – өте маңызды міндет. Парламентті пропорциялық жүйемен, яғни партиялық тізіммен жасақтау туралы ұсыныс дәл осы міндеттен туындап отыр. Бір палаталы Парламентте партиялардың көп болуы саяси диалогты кәсіби негізде өрбітуге ынталандырады. Жаңа жағдай партия жұмысына тың талаптар қояды. Демек, популизм цифрландыру кезеңінде маңызды рөл ойнамайды, керісінше, кәсібиліктің бәсі жоғарылай түседі».

ӘРБІР ОЙ–ПІКІР ӘБДЕН ЕКШЕЛІП,
ЖАН–ЖАҚТЫ САРАПТАЛУЫ ТИІС

– Парламент – Тәуелсіздігімізді және мемлекеттігімізді айшықтайтын маңызды құрылым. Бұл ешқашан өзгермейтін ақиқат, алдағы уақытта да солай болып қала береді. Жалпы, реформаның негізгі мақсаты, соған сәйкес істелуге тиіс жұмыстың бағыт-бағдары туралы Жолдауда кеңінен айтылды. Референдумға дейін атқарылатын жұмыстың бәрін мұқият ойластырып, байыппен жүргізу қажет. Білікті мамандар өз ойларын ашық айтып, тиімді ұсыныстар беруі керек деп санаймын. Түпкілікті шешім, яғни қоғам пікірі дұрыс болуы үшін осы мәселеге қатысты айтылатын әрбір ой-пікір де әбден тексерілген, екшелген, жан-жақты сарапталған болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан Жұмыс тобы өз міндетін нағыз кәсіби ұстанымға сай атқаруға тиіс.

Атап айтқанда, «Е-Otinish» және «E-Gov» порталдары арқылы келіп түскен барлық ой-пікірді сараптап, зерделеу қажет. Біз Әділетті мемлекет ретінде әр азаматтың ортақ іске пайдалы болатын ұсынысын ескеруіміз керек. Ата Заңға енгізілетін әрбір өзгеріс мұқият пысықталып, дайындалуға тиіс. Әр баптың, әр норманың мән-мағынасына терең бойлаған жөн, яғни құқықтық, процедуралық мәселелерді нақты айқындап алуымыз қажет. Бұдан бөлек, басқа да көптеген мәселе пайда болуы мүмкін. Қысқасы, алдымызда тұрған шаруа – өте ауқымды. Жұмыс тобына үлкен сенім артылып отыр. Істеріңізге сәттілік, табыс тілеймін! – деп түйіндеді Президент.

Т.ДЕРБИСАЛИН.

келесі шақырылымы толық е-Parlament жүйесінде жұмыс істеуі мүмкін.

«ӘРТҮРЛІ ПІКІР – БІРТҮТАС ҰЛТ»
ТҰЖЫРЫМЫ

Парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобы салыстырмалы түрде қысқа уақытта құрылды. 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында Парламенттік реформа жасауды ұсынған еді. Кейін араға 1 ай салып, 8 қазанда Жұмыс тобын құру туралы Президенттің өкімі шықты. Жұмыс тобының осылайша қысқа уақытта құрылуы реформаның еліміз үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Жұмыс тобының құрамына келер болсақ, оның «Әртүрлі пікір – біртұтас ұлт» тұжырымына сай құрылғанын байқауға болады. Онда Парламенттің, Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің және саяси партиялардың өкілдері, заңгерлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері бар.

Бұдан бөлек, Жұмыс тобы құрамының мынадай ерекшеліктері бар: топ құрамында

Мәжіліс депутаттары көп. Себебі, реформа нәтижесінде бір палаталы заң шығарушы орган пайда болады. Сенаттан Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Н.Бекназаров топ құрамына енген. Ал Мәжілістегі барлық фракция басшылары бар. Бұл Парламенттік реформада билеуші және биліктегі партиялардың ұсыныстары ескерілетініне құқықтық кепілдік болып саналады. Жұмыс тобының құрамында «Аманат» партиясының үлесі басым. М.Бәшімов, С.Имашева, С.Пономарев, А.Сарым, Ш.Үнзила, Н.Шаталов секілді Мәжіліс депутаттары – билеуші партия мүшелері. 2023 жылғы Парламент Мәжілісі сайлауында жеңіске жеткен «Аманат» партиясының осындай Жұмыс топтарында үлесі басым болуына толық құқығы бар. Сондықтан бұл өзге партияларды шеттету әрекеті емес.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БРИФИНГ

МЕГАПОЛИС СЕРПІНІ:

Алматының кірістері 2,1 трлн. теңгеден асты

Алматы қаласы соңғы жылдары тұрақты экономикалық өсім мен инвестициялық белсенділіктің жаңа кезеңіне қадам басты. Биыл мегаполистің кірістері алғаш рет тарихта рекордтық 2,1 трлн. теңгеден асып, жыл соңына дейін 2,3 трлн. теңгеге жетеді деп күтілуде. Бұл – қаланың экономикалық әлеуетінің және бизнес ортасының тұрақты дамуының айқын көрінісі. Мұндай жоғары көрсеткіштерге Алматының жоғары іскерлік белсенділігі, инвестициялардың көбеюі, салық түсімдерінің тұрақты артуы және шағын және орта бизнестің белсенді қатысуы есебінен қол жеткізілді. Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Салық түсімдері артып, шағын бизнес рекорд жаңартты

Олжас Мұхтарұлының айтуынша, бүгінде Алматының барлық негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша тұрақты өсім байқалады. «Қала экономикасы тұрақты өсіп келеді. Бұл – жүйелі жұмыстардың, инвесторлар сенімінің және қаланың бизнестік белсенділігінің нәтижесі», – деді әкім орынбасары.

Экономикалық өсімнің негізгі драйверлері ретінде құрылыс секторы (+37,7%), көлік және логистика (+24,7%), өңдеу өнеркәсібі (+15%), сауда (+7,5%) және байланыс қызметтері (+3,8%) аталды. Сарапшылардың бағалауынша, жыл қорытындысында Алматы экономикасының жалпы өсімі 6,4%-ға жетуі мүмкін.

2025 жылдың тоғыз айында жергілікті бюджеттің кірістері 1,6 трлн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда, 19,3%-ға артқан. Оның ішінде корпоративтік табыс салығы – 501 млрд. теңге (+10,3%), жеке табыс салығы – 618 млрд. теңге (+24,3%), әлеуметтік салық – 323 млрд. теңге (+23,4%) деңгейінде қалыптасты. Әсіресе, шағын бизнестің үлесі айрықша – 670 млрд. теңге салық түсімімен (+30%) рекорд орнатты. Ірі бизнес те 492 млрд. теңге салық төлеп, 17%-ға өсті, ал орта бизнес өткен жылғы деңгейін сақтап қалды.

Инвесторлар штабы – нақты қолдаудың алаңы

Алматы бүгінде еліміздің басты инвестициялық орталықтарының бірі ретінде өз позициясын нығайтып отыр. 2025 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 1,5 трлн. теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 20,7%-ға өскен. Оның ішінде жеке инвестициялар 1,1 трлн. теңгеге жетіп, 4,7%-ға артқан. Жыл соңына дейін инвестиция көлемін 2,3 трлн. теңгеге жеткізу жоспарланып отыр, бұл – қала үшін абсолюттік рекорд болмақ.

Қазір мегаполисте жалпы құны 3,6 трлн. теңгеден

асатын 189 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалардың арқасында 33 мың жаңа жұмыс орны ашылады. 2025 жылы жалпы құны 485 млрд. теңге болатын 30 ірі жоба іске қосылып, қосымша 7 мың жұмыс орны құрылмақ.

Инвесторларды қолдау мақсатында Өңірлік инвестициялық штаб белсенді жұмыс жүргізуде. Маусым мен қазан айлары аралығында штабтың 7 отырысы өтіп, жалпы сомасы 1,4 трлн. теңгеге тең 73 жоба қаралды. Оның 65-іне нақты қолдау көрсетіліп, нәтижесінде 16,3 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Бұл жобалардың 45-і отандық, ал 20-сы шетелдік инвесторлардың қатысуымен жүзеге асуда.

«Штаб отырыстарында басты назар практикалық мәселелерге аударылады. Яғни инвесторға қажет жер телімдерін бөлу, инженерлік инфрақұрылым тарту, келісу рәсімдерін жеделдету сияқты мәселелерді қағаз жүзінде емес, нақты шешеміз. Біздің мақсатымыз – инвесторға барынша қолайлы жағдай жасау», – деді Олжас Смағұлов.

Бизнесе жайлы, өмірге қолайлы қала

Сонымен қатар, Алматыда кәсіпкерлікті қолдау шаралары да кеңейіп келеді. 2025 жылы шағын және орта бизнесті дамытуға 50,6 млрд. теңге бөлінді. Бұл – Қазақстан бойынша ең жоғары көрсеткіш. Әкім орынбасарының айтуынша, Алматыда жұмыс орындарының жартысына жуығын шағын және орта бизнес қамтамасыз етіп отыр. «Басты мақсат – мейлі шағын кофехана болсын, мейлі жаңа технологиялық стартап болсын, Алматыда әрбір кәсіпкер қаланың және мемлекеттің қолдауын сезінуі тиіс», – деді Смағұлов.

2024–2025 жылдары қаладағы қаржылық бағдарламалар аясында жалпы сомасы 390 млрд. теңге болатын 3,5 мың жобаға қолдау көрсетілген. Мұндай қаржылай көмек бизнесті тұрақты дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және қала экономикасының әртараптандырылуына жол ашуда.

Туризм – табыс пен танымның жаңа көзі

Туризм саласы да қаланың экономикалық қозғаушы күштерінің біріне айналууда. 2025 жылдың бірінші жартысында Алматыға 1,1 млн. турист келген, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 6,5%-ға көп. Олардың 320 мыңы шетелдік қонақтар. Туристік қызметтердің көлемі 50 млрд. теңгеден асып, 16,6%-ға артқан.

Көптеген шетелдік қонақтар – Үндістан, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері және Малайзия елдерінен. Mastercard мәліметінше, шетелдік турист Алматыда тәулігіне орта есеппен \$441 жұмсайды. Бұл ішкі туристерге қарағанда 8,7 есе көп. Қалада туризмнің жаңа бағыттары – «қала + тау» форматы, гастрономиялық және іскерлік туризм (MICE) белсенді дамып келеді.

Қазір Алматыда жалпы құны 300 млрд. теңге болатын 21 қонақүйдің құрылысы жүріп жатыр. Олардың арасында Hilton, St. Regis, Marriott, Radisson және Tapestry by Hilton сияқты әлемдік брендтер бар. Бес нысан – бес жұлдызды отельдер болмақ.

Туризммен қатар, ірі инфрақұрылымдық жобалар да қарқын алып келеді. Мәселен, 2025 жылы іске қосылған Naval, Chery және Changan маркаларындағы

көпбрендті автозауыттың инвестиция көлемі 203 млрд. теңге болса, жылдық қуаттылығы – 120 мың автомобиль. Сондай-ақ, «Almaty Museum of Arts» мәдени орталығы мен Open Healthcare KZ медициналық кешені ашылып, нәтижесінде 1,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орны пайда болды.

Орталық Азияның жаңа авиациялық хабы

Алматы халықаралық әуежайының жаңғыртылуы да қала үшін маңызды жоба саналады. Еуразия кеңістігіндегі ірі авиациялық хабқа айналдыру көзделген бұл жобаға 360 млн. АҚШ долларынан астам жеке инвестиция тартылмақ. Әуежайдың ішкі терминалдары жаңартылып, қонақүй мен көпдеңгейлі автотұрақ салынады, ұшу-қону жолағы жөндеуден өтеді.

«Біз Алматы халықаралық әуежайын Орталық Азиядағы жетекші авиациялық хабқа айналдырғымыз келеді. Бұл қала экономикасына үлкен серпін береді. Жылына 40 миллион жолаушыны қабылдай алатын жаңа әуежай Алматының халықаралық беделін арттырады», – деді Олжас Смағұлов.

Әуежайдың жаңғырту жұмыстары бес кезеңге бөлінген Horizon бағдарламасы аясында іске асуда. Құрылыстың алғашқы кезеңінде 1800-ден астам жаңа жұмыс орны ашылып, жобаның толық іске қосылу кезеңінде 550 тұрақты жұмыс орны құрылады.

Базарлар дәуірі өзгереді

Қаланың сауда инфрақұрылымы да жаңарып келеді. Контейнерлік сауданың дәуірі аяқталып, жаңа форматтағы заманауи базарлар салу кезеңі басталды. «Біздің мақсатымыз – базарларды қайта салу ғана емес, тұрғындар мен кәсіпкерлер үшін қауіпсіз әрі қолайлы сауда кеңістігін қалыптастыру», – деді әкім орынбасары.

Бүгінде Алматыда 29 базар толықтай жаңғыртылып, инженерлік инфрақұрылымы жаңартылды. Тағы 21 базарда реконструкция жұмыстары жүріп жатыр, бұл жұмыстар 2026 жылдың соңына дейін аяқталмақ. Ескі «Жібек жолы» базарының орнына жаңа тұрғын үй кешені мен заманауи сауда орталығы салынады.

Қала әкімдігі кәсіпкерлердің алаңдаушылығын түсініп, жалға алу бағасының артуы қайта жаңғыртудан кейінгі пайдалану мен коммуналдық шығындардың өсуіне байланысты екенін атап өтті. Реконструкция кезінде жалға алушыларға жеңілдіктер беріледі. Ал 2026 жылдан бастап жаңғыртылмаған базарлардың қызметі уақытша тоқтатылады.

ТҮЙІН:

Осылайша Алматы бүгінде инвестиция, инновация және кәсіпкерлікке басымдық беретін заманауи мегаполиске айналып келеді. Қала экономикасы тұрақты өсіп, жаңа жұмыс орындары ашылууда, әлеуметтік және бизнес инфрақұрылымдары жаңаруда. Алматының стратегиялық бағыты – жайлы өмір сүруге, табысты жұмыс істеуге және инвестиция тартуға ең қолайлы қала болу.



«НАН-FEST 2025»:

ДАСТАРХАННЫҢ ДӘСТҮРІ МЕН ЗАМАНАУИ ТӘСІЛ ТОҒЫСТЫ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Жансұлу
ӘБЕНБАЙ,
сарапшы:****Тазалық пен
сапаға
назар
аударамыз**

Қатысушылар өздерінің қабілеттерін барынша көрсетеді. Байқауда шыдамдылық, жеңіс пен жеңіліс жолында төзімділік сыналады. Бағалауда дәм мен жылдамдыққа ғана емес, тазалық пен сапаға да баса назар аударамыз. Әр қатысушының киген киімдері мен ас дайындайтын үстелдің тазалығы да сай болуы керек.

**Адель ҚАЛАН,
қатысушы:****Байқаудан
жеңіс күтемін**

Халықаралық инженерлік технологиялық универсиеті колледжінің 2-курс студентімін. Байқауға қатысқанымға қуаныштымын. Сайысқа бір апта тыңғылықты дайындалып келдім. Мұндай байқауға алғаш рет қатысып отырғандықтан, ұстаздарыма және қолдап келген достарыма алғыс айтамын. Олардың қолдауы мен үшін аса маңызды.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

16 қазан – Дүниежүзілік нан күні. Осыған орай Алматы мемлекеттік бизнес колледжі «НАН-FEST – 2025» атты қалалық кәсіби шеберлік байқауын ұйымдастырды.

**Дана
САДЫРҚАН**

Фестивальдің басты мақсаты – жастардың еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыру, наубайшы мамандығының маңызын танытып, жұмысшы мамандардың қоғамдағы беделін нығайту. Соған қоса, шығармашылық арқылы ұлттық дәстүр мен заманауи кәсібилікті ұштастыруды көздеген.

Алматы қаласы мен Алматы облысының үздік колледж студенттерінен бөлек, іс-шараға Алматы қаласы Білім басқармасының өкілдері, әлеуметтік серіктестер, жұмыс берушілер және БАҚ өкілдері қатысты. Олар кәсіби білім саласындағы тәжірибе алмасу мен серіктестік диалогтың жаңа мүмкіндіктерін талқылады.

– Бүгінгі іс-шара бәріміз үшін маңызды. Қатысушылар бір-бірімен са-

йысып қана қоймай, достық қарым-қатынас орнатады деп сенеміз. Байқауға қатысу үшін колледжерге арнайы шақыру жібердік, әрқайсысы ең мықты студенттерін өздері ұсынды. Байқау жеңімпаздарына әлеуметтік серіктестеріміз демеушілік етеді. Топ жарып, қаражат қолдарына тиген студенттердің еңбекке деген құлшынысы арта түсетіні анық, – деді Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры Айнұр Мұқажанова.

«НАН-FEST» байқауы биыл үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Алғашқы жылдардағы жетістіктердің жалғасы ретінде биылғы фестиваль кәсіби тәжірибе мен шығармашылықты тоғыстырған жаңа деңгейге көтерілді.

– Біздің дастарханымыздағы нанның өзінде зор еңбек жатқаны бәрімізге белгілі. Нанды қадірлеп ақ дастарханымыздың төріне қоямыз. Нанды қадірлеу, оны үнемдеу ұлттық дәстүрімізге де айналған. Ата-бабаларымыздың даналығын жастар үлгі-өнеге ретінде көрсе екен деймін. Бұл – нанға деген құрметтің белгісі, – деді «Қалалық білім

берудегі жаңа технологиялар мен ғылыми-әдістемелік орталығы» КМҚК Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Гүлнәр Сүлейменова.

Байқауға Алматы қаласы мен Алматы облысының 12 колледжінен үздік студенттер қатысты. Жас наубайшылар өз шеберліктерін үш бағытта танытып, нан пісірудің дәстүрі мен заманауи технологияларын үйлестірді. Мұндай байқаулар «WorldSkills», «Jasskills» және «Жұмысшы мамандықтар жылы» жобаларының сабақтастығын жалғастырып, елдің еңбек нарығына сапалы мамандар даярлауға жол ашады.

«НАН-FEST – 2025» – бұл тек кәсіби байқау емес, еңбек адамына арналған құрмет мерекесі. Байқау үш модульден тұрды: А модулі – «Қиш пирогы»; В модулі – «Хала өрімі»; С модулі – «Еңбек және дәстүр» тақырыбындағы декоративті жұмыс.

Байқау техника қауіпсіздігі, ұйымдастырушылық, дәм мен сапа, креативтілік және кәсіби шеберлікке қарай бағаланды. Байқау қорытындысы бойынша үздік студенттер мен тәлімгерлер арнайы марапаттарға ие болды. Іс-шара Алматының кәсіби білім беру кеңістігінде жаңа серпін беріп, халықаралық ынтымақтастық пен еңбек құндылығын дәріптеудің үлгісіне айналды.

АҚЫЛ-ОЙ САЙЫСЫ

АЛМАТЫЛЫҚ СТУДЕНТТЕР ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Балқаш қаласында өткен республикалық пікірсайыс турниріне алматылық студенттер күміс жүлдені еншілеп қайтты.

Ақыл-ой сайысына әр өңірден студенттік командалар жиналды. Балқаш қаласынан екі команда (үй иесі ретінде), Қарағанды облысының командасы мен Қарағанды, Түркістан командалары және Алматының атынан «Әділет» колледжінің студенттері бақ сынасты.

Бірінші айналымда алматылық студенттер түркістандық әріптестерімен кездесіп, ұпай саны жағынан басым түсті. Екінші айналымда балқаштық командамен кездесіп, үй иесінен ұтқырлығын танытты. Алайда, үшінші айналымда қарағандылықтармен кездесіп, аз ғана басымдықпен жеңіске жеткен алматылықтар жартылай финалға жолдама алды.

Жартылай финалда жеребе тағы да Балқаштың «Бірінші» командасына кездесе, екінші жартылай финалда Қарағанды облысы мен Түркістан командалары ойнады.

Алматылық команда мүшелері Мырза Салпанов пен Әлижан Сұлтан бапкері Руслан Қуановтың қолдауымен жартылай финалда басымдық танытты. Жарыс қорытындысы бойынша қазылар алқасы «Әділет» командасын жеңімпаз деп таныды, алматылық студенттер финалға өтіп, тәжірибелі де мықты Қарағанды облысының командасымен кездесті.

Қызықты тартыста «Әділет» командасы қарағандылық командаға жол беріп, күміс жүлдеге қол жеткізді. Пікірсайыс турнирінде балқаштық студенттер үшінші орын иеленді. Турнир Балқаш қалалық әкімдігі мен «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен Балқаш политехникалық колледжінде өтті.





«ALMATY BUSINESS – 2025»

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

52,7 млрд. теңге жеңілдетілген қаржы берілді



Алматыда 2019 жылдан бері кәсіпкерлерді қолдаудың жүйелі бағдарламасы жүзеге асып келеді. «Almaty Business – 2025» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлер жалпы сомасы 52,7 млрд. теңге жеңілдетілген қаржы алды. Бұл қаржы 774 бизнес-жобаны қолдауға, 6 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берген.

Ернұр
РЫСБАЙ

Бағдарлама шағын және орта бизнесті дамытып, қаржыландыруды қолайлы етуді көздейді. Яғни кәсіпкерлер 7 жылға дейінгі мерзімге жеңілдетілген несиелен алады. «Almaty Finance» ЖШС және «Almaty» МҚҰ оны жылдық 2% және 6% мөлшерлеменен берді. 2% мөлшерлеме әлеуметтік жағынан осал топтарға, 6% мөлшерлеме қалған барлық ШОБ ны-

сандарына арналған. Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз мәслихатында «Almaty Finance» ЖШС басқарма төрағасы Берік Құсайынов осылай деп хабарлады.

«Almaty Finance» беретін ең жоғарғы несиесі 500 млн. теңгені құраса, «Almaty» МҚҰ арқылы 78,64 млн. теңгеге дейін алуға болады. Ол ақша жабдық сатып алуға, шикізат пен айналым қаражатын толықтыруға, сондай-ақ, бизнестегі басқа да мақсатқа жұмсалады.

Бағдарламада өндірістік, инновациялық, экспортқа бағытталған жобаларға, креативті индустрия мен шағын өнеркәсіптік парктердегі бастамаларға көп көңіл бөлінген. Бағдарламаны іске асыру кезеңінде мұндай 18 парк салынған.

Берік Құсайынов «Almaty Business–2025» бағдарламасы денсаулық сақтау, білім беру, туризм, спорт, қызмет көрсету саласы мен әлеуметтік кәсіпкерлік бағытындағы бизнесті де қолдайтынын атап өтті. 2025 жылдың 9 айында 70 жоба қаржыландырылып, 9,8 млрд. теңге бөлінген. Нәтижесінде 793 жұмыс орны ашылған.

Қаржының жартысына жуығы, яғни 25,6 млрд. теңге бюджеттен бөлініп, қайтарымды-револьверлік механизм арқылы тиімді пайдаланылды. Ең көп жоба Бостандық ауданында – 152, Алатау ауданында – 149, Алмалы ауданында – 97 және Медеу ауданында – 93 жоба іске асты.

Жеңілдетілген қаржыландыру алғандардың бірі – көпір құрылымын дайындаумен айналысатын «АЗМК Group» компаниялар тобы. Алғашқы 250 млн. теңге траншы жаңа жабдық сатып алуға жұмсалды. Қазіргі кезде 230 млн. теңге көлеміндегі екінші транш игерілу үстінде.

Бағдарлама Алматы қаласының экономикасының тұрақты дамуына үлес қосып, кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктерге жол ашып беріп отыр.

ТҰРМЫСТЫҚ ГАЗ

«ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН»:

Жаңа сервис жеңілдікті онлайн рәсімдеп, қағазбастылықтан арылтады

Алматыда іске қосылған «Әлеуметтік әмиян» жүйесі әлеуметтік әділдікті арттырып қана қоймай, цифрландыру арқылы халықтың тұрмысын жеңілдетудің нақты мысалына айналып отыр. Шаһарда атаулы әлеуметтік көмек алушылар «Әлеуметтік әмиян» атты цифрлық сервис арқылы тауарлық газды 31,8%-ға дейін арзандатылған бағамен тұтына алады. Бұл туралы «QazaqGaz Aймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалының директоры Ақылбай Сапаров хабарлады.

«Әлеуметтік әмиян» – eGov Mobile қосымшасында қолжетімді сервис. Азаматтар смартфон арқылы электронды ваучерді белсендіре отырып, газ төлеміне жеңілдік ала алады. Бұл жүйе былтырғы желтоқсан мен биылғы сәуір аралығында пилоттық түрде іске қосылып, 9,4 мыңнан астам адам пайдаланған. Алматыда газдың халыққа арналған тарифі 1 текше метрге 43,99 теңге болса, ваучермен бұл баға 29,98 теңгеге дейін төмендейді.

Жеңілдікті алу үшін әр айдың 10-ынан бастап атаулы әлеуметтік көмек пен тұрғын үй көмегін алушыларға 1414 нөмірінен SMS-хабарлама келеді. Ваучерді айдың 25-іне дейін eGov Mobile қосымшасындағы «Газ және отын» бөлімінде жеке шотты көрсетіп, іске қосу қажет. Нәтижесінде жеңілдік түбіртекте автоматты түрде көрінеді.

Жаңа сервис жеңілдікті онлайн



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

рәсімдеп, қағазбастылықтан арылтады, әлеуметтік деректер базасымен автоматты түрде сәйкестендіреді және процесті ашық әрі жылдам етеді. Бұл бастама энергия ресурстары қымбаттаған кезеңде әлеуметтік аз қамтылған азаматтарды қолдау және әлеуметтік саланы цифрландыруды көздейтін мемлекеттік бағдарламаның бір бөлігі болып табылады.

«QazaqGaz Aймақ» компаниясының басқарушы директоры Дауржан Дарбозовтың айтуынша, Алматыда әлеуметтік көмек алатын 224 отбасының 70-і ваучерді іске қосқан. «Әлеуметтік әмиян» – жәй ғана жеңілдік емес, көмекті әділ әрі ашық түрде бөлудің тетігі. Отбасы ваучерді өзі белсенді етіп, түбіртекте жеңілдікті көргенде,

мемлекеттің қамқорлығын шын сезінеді. Газға қосылуға өтініштердің 71%-ы онлайн түсіп, 5,5 мыңнан астам клиент eDovonor порталы арқылы электрондық келісімшарт жасады», – деді ол.

Компания өкілдері газды қауіпсіз пайдалану ережелерін де еске салды: газ құрылғыларын қараусыз қалдырмау, тартуды үнемі тексеру, үйді желдетіп отыру, пешті жылыту үшін қолданбау және газдың иісі шықса, дереу кранды жауып, 104 нөміріне қоңырау шалу қажет. «Газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуге келісімшарт жасап, аттестаты бар мамандарға жүгіну – қауіптің алдын алудың ең дұрыс жолы», – деп атап өтті Ақылбай Сапаров.

Е.ЕРЛАНҰЛЫ.

WORLD INCLUSION CONGRESS – WIC 2025



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

Қазақстан ұсынған декларация әлемдік деңгейде мақұлданды

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Инклюзивті және арнайы білім беруді дамыту – мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі. Бұл тұрғыда 2023 жылы министрлік құрылымында арнайы департамент құрылды және ол осы бағыттағы жұмысты жүйелеуге мүмкіндік берді. Бір жылдың ішінде шамамен, 20-ға жуық нормативтік-құқықтық акт қабылданды. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Арнайы білім беру қажеттілігі бар балаларды кешенді қолдау туралы» ҚР Заңы әзірлену үстінде.

– Қолжетімді білім беру ортасын құру – тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің негізі. Қазіргі таңда біз осы салада заңнаманы жетілдіруден бастап, инфрақұрылымды жаңғырту мен кадрлық әлеуетті дамытуға дейінгі толыққанды қолдау жүйесін біртіндеп қалыптастырып келеміз. Сол үшін 2028 жылға дейін барлық арнайы білім беру ұйымдары заманауи материалдық-техникалық базаға ие болуы тиіс. Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби әлеуетін, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын арттыру және отбасыларға жүйелі қолдау көрсету де маңызды, – деп атап өтті сала басшысы Жұлдыз Сүлейменова.

Жиында Оқу-ағарту министрі Қазақстанның білім беру жүйесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен әділетті қоғам құру бағытында ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Айталық, тең әрі сапалы біліммен қамтамасыз ету, заңнамалық базаны жетілдіру, инфрақұрылымды дамыту, инклюзивті мәдениетті қалыптастыру және мұғалімдердің кәсіби дамуына басымдық беру бағыттарына ерекше көңіл бөлініп жатқанына айрықша тоқталды.

Оның айтуынша, елімізде жасанды интеллектіні пайдалану және ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жан-жақты қолдау мәселелері басты назарда. Инклюзияның негізі – адами құндылықтар: сыйластық, қабылдау және қолдау. Сондықтан заманауи сын-қатерлер мен жаһандық үрдістерді ескере отырып, білім мазмұнын жетілдіруде күш біріктірудің маңызды екенін жеткізді. Бұған қоса, Жұлдыз Сүлейменова конгреске қатысушыларды тиімді стратегиялар әзірлеуге, тәжірибе алмасу және қолдау механизмдерін нығайтуға шақырды.

Бүгінгі таңда еліміздегі мектептердің 90%-ында инклюзивті білім беру үшін барлық жағдай жасалған. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған балалардың үлесі 85%-ға жетті. Бұған қоса, педагог-ассистент, арнайы педагог, жеке көмекші жаңа лауазымдары енгізілді. Қазір үш деңгейлі сүйемелдеу моделі жүзеге асырылып жатыр. Жалпы, елімізде 504 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істесе, онда 235 мыңнан астам бала оқиды. Сондай-ақ, министрлік үздіксіз инклюзивті білім берудің Ұлттық орталығын құру туралы шешім қабылдады.

Сонымен, жиын барысында Алматы декларациясы қатысушылардың қолдауымен бір ауыздан мақұлданды. Ол Конгресс ұстанымын бейнелейтін құжат ретінде ЮНЕСКО-ға жолданады. Сондай-ақ, инклюзивті білім беруді дамыту бойынша елдердің саясаттарын қалыптастыруда пайдалану үшін қатысушы мемлекеттер арасында таратылатын болады. Бұл – Қазақстанның инклюзивті білім беруді жаһандық деңгейде ілгерілетуге қосқан маңызды үлесі деуге болады. Әрі халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, жаңа серіктестіктер орнатуға және әрбір баланың әлеуетін ашуға бағытталған бірегей бастама.

Бағдарлама барысында қонақтар Innovation Expo көрмесін тамашалап, Қазақстан, Ұлыбритания, Қытай, АҚШ, Польша және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен қатысқан 17 компанияның өнімдерімен танысты. Аталмыш көрме конгресс барысында – Grand Hall қонақүйінің павильондарында және ашық шатыр астында үш күн бойы жұмыс істейтін болады.



ОЙТАЛҚЫ

НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІК ҚАҒИДАТЫ:

Зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін
балалар мен ересектер арасында сенім көпірі орнауы қажет

(Сурет: Автор)

Қазіргі заманда балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігі – бүкіл қоғамның басты мәселелерінің бірі. Соңғы жылдары білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылық, буллинг және кибербуллинг жағдайлары жиі тіркеліп, ата-аналар мен ұстаздардың, тіпті мемлекеттік құрылымдардың алаңдаушылығын тудырып отыр. Әлем елдері балалардың әл-ауқатын арттыру мен олардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында нақты шаралар қабылдап келеді. Осы өзекті тақырып төңірегінде біз «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының өкілі, педагогика ғылымының кандидаты Насипа САНСЫЗБАЙМЕН әңгімелескен едік.

Балалардың мектептегі өмірі
қауіпсіз әрі жайлы болуы тиіс

– Насипа Сансызбайқызы, білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылық мәселесі неге дәл қазір әлемдік деңгейде өзекті болып тұр?

– Бұл сұрақтың жауабы өте қарапайым әрі күрделі. Өйткені, қазіргі балалар тәуліктің жартысынан көбін оқу орнында өткізеді. Мектеп – тек білім беретін орын емес, ол баланың тұлғалық қалыптасу, қарым-қатынас орнату, өзін қоғам мүшесі ретінде тану алаңы. Сондықтан ата-аналар да, қоғам да баланың мектептегі өмірі қауіпсіз әрі жайлы болуын күтеді. Алайда, өкінішке қарай, көптеген елдерде, соның ішінде біздің қоғамда да, балалар арасында зорлық-зомбылық, қорқыту, кемсіту сияқты келеңсіз әрекеттер жиілеп барады. Бұл – бір реттік қоқан-лоққыдан бастап, жүйелі түрде жүргізілетін психологиялық қысымға дейін созылатын құбылыс.

Бала мұндай жағдайда өзін жалғыз сезінеді, өз құқығын қорғай алмай қиналады. Әсіресе, құрдастары тарапынан болған қорлық бала психологиясына терең із қалдырады. Көп жағдайда бұл – ата-аналарға айтылмайтын, мұғалімдерге де белгісіз болып қалатын ішкі ауыртпалық.

– Жалпы, мектептегі зорлық-зомбылықтың қандай түрлері кездеседі және олардың бала дамуына әсері қандай?

– Бұл құбылыс бірнеше бағытта көрініс табады. Ең жиі кездесетіні – физикалық зорлық-зомбылық, яғни ұрып-соғу, итеру, затын лақтыру секілді әрекеттер. Сонымен қатар, психологиялық зорлық – мазақ ету, қорқыту, шеттету, балаға түрлі лақап ат тағу секілді жағдайлар бар. Жиыныстық сипаттағы зорлық түрлері де кездеседі, өкінішке орай, бұл туралы ата-аналар мен мұғалімдер жиі білмей қалады. Ал қазіргі замандағы жаңа қауіп – кибербуллинг, яғни әлеуметтік желілер арқылы балаға қысым көрсету, беделін түсіру, қорқыту. Осындай әрекеттердің барлығы баланың психикасына ауыр соққы. Ол өз-өзіне сенуден қалады, мектепке барғысы келмейді, кейде тіпті оқуын тастап кетуге дейін барады. Бұл оның білім алу құқығына тікелей нұқсан келтіреді.

Жаһандық деңгейдегі дабыл

– Дүниежүзілік статистика да бұл мәселенің ауқымын көрсетіп отыр емес пе?

– Иә, дәл солай. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлем бойынша әрбір үшінші оқушы өмірінде кем дегенде бір рет қорқыту мен зорлыққа ұшыраған. Ал БҰҰ мен ЮНЕСКО деректеріне сүйенсек, жыл сайын 246 миллионнан астам бала білім беру мекемелерінде түрлі зорлық-зомбылыққа тап болады. Бұл – жаһандық деңгейдегі дабыл. Мысалы, АҚШ-тағы Ұлттық білім статистикасы орталығының мәліметі бойынша, 2019-2020 оқу жылында мектептердің 8,7 пайызы зорлық-зомбылық фактілерін тіркеген. Ал атыс оқиғаларының саны 2020-2021 оқу жылында 93-ке жеткен. Бұл сандардың өзі-ақ балалардың қауіпсіздік деңгейі қаншалықты күрделі мәселе екенін көрсетеді.

– Мұндай жағдайда мектеп пен ата-ананың рөлі қандай болуы тиіс?

– Зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін, ең алдымен, бала мен ересектер арасында сенім көпірі орнауы қажет. Егер бала ата-анасына немесе ұстазына еркін сырын ашып айта алмаса, мәселе шешілмейді. Сондықтан отбасында ашық әңгіме мәдениетін қалыптастыру керек.

Ата-аналар балаларынан күн сайын олардың көңіл күйін, достарымен қарым-қатынасын, мектептегі жағдайын сұрап отыруы керек. Мұндай әңгімелер баланы қорғап қана қоймай, оның ішкі әлеміне жол ашады. Ал мұғалімдер оқушылар арасындағы қарым-қатынасты бақылап, қандай да бір келеңсіз әрекетті ерте байқауы тиіс. Қауіпсіз орта қалыптастыру – тек тәртіп ережесін сақтау емес, ол – педагогикалық мәдениет, эмоциялық қолдау және ынтымақтастық арқылы жүзеге асады.

Халықаралық тәжірибе не дейді?

– Ал әлемдік ұйымдар бұл бағытта не істеп жатыр?

– ЮНЕСКО мен ЮНИСЕФ осы салада үлкен жұмыс жүргізіп келеді. ЮНЕСКО, мысалы, қарашаның бірінші бейсенбісін мектептегі қорқыту мен кибербуллингке қарсы халықаралық күн деп белгілеген. Бұл күн – барлық елге, барлық мектепке балаларды қорғаудың маңызын еске салатын символ.

Сондай-ақ, «Қауіпсіз оқыту» атты жаһандық бастаманың аясында мектептерде қауіпсіз орта қалыптастыру, мұғалімдерді арнайы оқыту, балалардың психологиялық тұрақтылығын арттыру сынды бағыттар қамтылған. Бұл бастамалар біздің елде де жүзеге асып келеді.

Мәдениет пен мейірім
ортасын қалыптастыру маңызды

– Сіздің институт осы бағытта қандай нақты жұмыстар атқарып жатыр?

– «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында кешенді жұмыстар жүргізеді. Біз педагогтерге арналған әдістемелік құралдар, тренинг бағдарламалары мен оқу материалдарын дайындаймыз. Сондай-ақ, ата-аналарға арналған кеңестер мен психологиялық көмек курстарын ұйымдастырамыз. Мақсатымыз – мектептерде зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік қағидасын қалыптастыру. Бұл дегеніміз – кез келген бала, кез келген мұғалім немесе ата-ана зорлық көрсе немесе байқаса, оны жасырмай, бірден әрекет етуі тиіс деген сөз.

– Балалар арасындағы зорлық-зомбылықты азайту үшін қоғам не істеуі керек деп ойлайсыз?

– Бұл – тек мектептің немесе ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Әрбір ересек адам балаға үлгі болуы керек. Біз балаларға тек сөзбен емес, ісімізбен көрсететін мәдениет пен мейірім ортасын қалыптастыруымыз қажет.

Мысалы, қоғамдық орындарда, көлікте, әлеуметтік желілерде өзара сыйластық танытатын орта болса, бала соны көреді және соны бойына сіңіреді. Ал бала мейірім мен әділдікке толы ортада өссе, ол ешқашан зорлыққа бейім болмайды.

Әр бала – біздің болашағымыз. Зорлық-зомбылықтың кез келген түрі тек жеке тұлғаға ғана емес, тұтас қоғамның рухани дамуына нұқсан келтіреді. Сондықтан біз балалардың қауіпсіздігі үшін жұмыла әрекет етуіміз керек. Қауіпсіз мектеп – сенім мен өзара құрметке негізделген орта. Мұндай ортада ғана бала өз әлеуетін толық аша алады. Егер біз бүгін баланы қорғасақ, ертең ол қоғамды қорғайтын тұлға болып өседі.

КОЛЛЕДЖ

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

Алматыда жаңа халықаралық орталықтар ашылды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы көпсалалы колледжінде Ақос бірдей халықаралық орталық ашылды. Халықаралық тілдік дайындық орталығы және «DronEd» дрон технологиялары құзыреттілік орталығының басты мақсаты – студенттер мен оқытушылардың тілдік және инновациялық қабілеттерін дамыту. Соған қоса, халықаралық ынтымақтастықты нығайту және жаһандық еңбек нарығына бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау.

Жаңа орталықтардың ашылуына қала-лық Білім басқармасының қолдау көрсеткен. Сондай-ақ, ашылу рәсімі Қытай, Түркия, Ресей елдерінің консулдықтары өкілдерінің қатысуымен өтті. Алматы көпсалалы колледжінің директоры Асылхан Бейсетбаевтың айтуынша, тіл үйрету орталығының ашылуы – уақыт талабынан туған бастама.

«Бүгін біз қала білім басқармасының және шетелдік серіктестердің қолдауымен қазақ, орыс, ағылшын, түрік және қытай тілдерін үйрететін халықаралық лингвистикалық орталықты ашып отырмыз. Бұл – біздің колледж үшін маңызды оқиға. Себебі, соңғы жылдары оқытушыларымыз бен студенттеріміз Түркия мен Қытай елдерінде тағы-

лымдамадан өтіп, халықаралық тәжірибе жинақтады. Енді сол білім мен тәжірибені өз студенттерімізге беретін мүмкіндік туды», – деді оқу орнының жетекшісі.

Жаңа орталық тек тіл үйретумен шектелмей, академиялық мобильділік, халықаралық тағылымдама, кәсіби байқаулар мен тәжірибе алмасу сияқты бағыттарды да қамтиды. «Қытай бүгінде электромобиль

өндірісінің көшбасшысы. Біздің студенттер өткен жылдан бері Чунцин қаласында тәжірибеден өтіп келеді. Ал түрік тілін меңгеріп жүрген білім алушылар Стамбулда өткен жазғы лингвистикалық лагерьге қатысты. Мұндай тәжірибелер студенттерге үлкен мүмкіндік береді», – дейді колледж басшысы.

Іс-шара аясында дрон технологиялары

бойынша «DronEd» құзыреттілік орталығының ашылуы да өтті. Бұл – елімізде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне жасанды интеллект пен дрон технологияларын енгізу бағытындағы маңызды қадам. Халықаралық білім беру және инновациялар орталығының басшысы Айман Абзалдың айтуынша, бүгінгі күні кез келген салада жасанды интеллектті, робототехниканы және дрон технологияларын меңгеру аса маңызды. Сонымен бірге, ол курстар аясында студенттер дрондарды басқару, ұшыру, жинау және техникалық қызмет көрсету дағдыларын үйренетінін жеткізді.

Жаңа орталықтар өз жұмысын бастай отырып, Алматының техникалық және кәсіби білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеріп, жастарға шетел тілдерін меңгеріп, дрон технологияларын игеруге жол ашады. Бұл өз кезегінде елдің адами капиталын дамытуға және халықаралық білім кеңістігінде Қазақстанның беделін арттыруға үлес қоспақ.

Бетті әзірлеген
Ернұр РЫСБАЙ.



ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

АЛМАТЫ – ЕЛ ТУРИЗМІНІҢ АЙНАСЫ

Әлемде саяхатшыларды өзіне тартатын қалалар көп. Бірақ Алматының әр туристке беретін әсері бөлек. Алатаудың аялы құшағында жатқан қаланың туризмге табиғи мүмдігі мол. Ал туризм – күн сайын құлпырып келе жатқан сала.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ТУРИСТЕР АЛМАТЫҒА НЕГЕ ҚЫЗЫҒАДЫ?

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматыға 1,14 миллион турист келген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 6,5%-ға көп. Сонымен қатар, елдегі жалпы туристік ағынның 25%-ы Алматының үлесіне тиесілі. Бұл көрсеткіш мегаполистің өз елімізде ғана емес, Орталық Азияның да туристік орталығына айналғанын дәлелдей түседі.

Шетелдіктерді бұл жердің табиғаты, ұлттық нақышы мен алматылықтардың қонақжайлылығы баурап әкетеді. Бұрынғыдай емес, қазір Алматы көшелерінен шетелдік туристерді жиі кездестіруге болады. Олар Көк базарға көп барады. «Рахат» дүкеніндегі қазақстандық кәмпиттерге, базардағы ұлттық дәм мен жылы үнге қызығады. Әсіресе, қазақ оюымен безендірілген кәмпиттерін қораптап сатып алып жатқанын көргенде, бұл тәттілердің туристердің ең сүйікті естелігі екенін түсінеміз.

Қысы-жазы адам үзілмейтін тағы бір орын – «Шымбұлақ». Мұнда келушілер саны соңғы уақытта 1,5 есеге көбейген. Демалыс және мереке күндері курорттың жүктемесі 2,5 есеге артып, тәулігіне 15 мың адамға дейін жетеді. Өйткені, Шымбұлақта тау шаңғысы мен аспалы жолдардан бөлек, ұлттық стильде безендірілген киіз үйлер бар. Шетелдік қонақтар алаша, түскиіз, ағаш керует пен ұлттық ыдыстарға таңырқап, қазақ тұрмысының байлығын суретке түсіріп, әлеуметтік желіде бөліседі.

ЖҮЛДЫЗДЫ ЖЫЛ

2025 жыл Алматы үшін нағыз «жұлдызды жыл» болды. Мегаполисте Дженнифер Лопес пен Backstreet Boys концерттері кезінде қонақүйлерде орын табу қиынға соққан. Алматы әкімдігінің мәлі-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

метінше, Джейлоның концертіне 20 мыңнан астам көрермен жиналса, олардың қатарында 35-тен астам елдің қонақтары мен 8 мыңнан аса шетелдік турист болған. Ал «Қайрат» пен «Реал Мадрид» арасындағы футбол ойыны кезінде броньдау 95%-ға жеткен. е-Қонақ ақпараттық жүйесінің деректеріне сілтеме жасаған қалалық Туризм басқармасының мәліметінше, матчты тамашалау үшін 26–29 қыркүйек аралығында Алматыға 5 мыңнан астам шетелдік қонақ келген.

Бұл іс-шаралар Алматыны мәдени әрі спорттық туризмнің орталығына айналдырғанына куәміз. Жалпы, е-Қонақ жүйесінің деректерінде 2025 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Алматы қонақүйлерінде 121,7 мың шетелдік турист тоқтағаны айтылады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 13%-ға көп.

Ресми деректерге көз жүгіртсек, 2026 жыл да ерекше болады деп күтілуде. Қалада ашық аспан астындағы концерттер, этнофестивальдер мен гастрономиялық

мерекелер ұйымдастырылады. Жалпы, Туризм басқармасының болжамынша, 2025 жылдың соңына дейін қалаға 750 мың, ал 2026 жылы 800 мың шетелдік турист келеді. 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 1 миллион адамға жетеді деп болжанған.

«РАХМЕТ, АЛМАТЫ!»

Осы тұста тағы бір жағымды жаңалықты айта кеткен жөн. Британдық Lonely Planet журналы Қазақстанды саяхаттауға ең үздік елдердің бірі деп таныса, CNN Travel Алматыны 2025 жылдың ең тартымды туристік бағыттарының тізіміне енгізіпті. Әлбетте, бұл – оңтүстік астананың халықаралық туризм картасындағы орнын нығайтып, шетелдік саяхатшылардың назарын біздің ерекше қаламызға аударғанының айғағы. Ал жалпы, сала мамандарының айтуларынша, әрбір төртінші саяхатшы Қазақстанға келгенде міндетті түрде бағытын Алма-

тыға бұрады екен. Қалаға, әсіресе, Үндістан, Қытай, Түркия, Корея және АҚШ туристері жиі келеді.

Мегаполистің басты ерекшелігі – қонақжайлық пен мәдени ашықтық. Мұнда әрбір турист өзіне жылы қабақ пен шынайы ықыласты сезінеді. Сол себепті, әр турист сапарының соңында бір ауыз қазақша сөз болса да үйреніп, «Рахмет, Алматы!» деп қайтады.

Бүгінде Алматы туризмнен түсетін табыс көлемін жыл сайын арттырып келеді. 2025 жылдың алғашқы жартысында қалаға 1,1 миллион турист келіп, олардың орташа тәуліктік шығыны 441 долларды құраған. Бұл көрсеткіш Алматыны аймақтық туризм орталығына айналдырып отыр. Жалпы алғанда, туристердің ағыны көлік, тамақтану, сауда және қолөнер саласын да едәуір дамытты.

«ДӘСТҮР МЕН ТАБИҒАТ ТУРИСТЕРДІҢ ЖАДЫНДА ҚАЛАДЫ»

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің биылғы түлегі Сержан Бауыржанұлы Сербаев – Алматының жас әрі талантты гиді. Ол шетелдік туристерге Алматы мен Алматы облысының табиғаты мен мәдениетін мақтанышпен таныстырады. Ағылшын тілін университет қабырғасында, ал неміс тілін өз бетінше үйде жүріп меңгерген Сержан бүгінде төрт тілде – қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдерінде еркін сөйлейді.

– Туристер қазақтың қонақжайлылығына тәнті. Киіз үйді көріп, ұлттық тағамнан дәм татқан сәтте бәрі де таңырқайды. Сол кезде өз еліңнің тарихын айтып тұрғаның – ерекше сезім, – дейді жас гид.

Сержанның айтуынша, Алматыға жыл сайын Корея, Қытай, Сингапур, Филиппин және Еуропа елдерінен мыңдаған саяхатшы келеді. Олардың ең қызығатыны – Қайыңды көлі, табиғат көріністері және ұлттық тағамдар.

– Көпшілігі «Мұнда қар жауа ма?» деп сұрайды. «Иә, бүкіл Қазақстанда жауады» десем, көбісі таңырқап, сенер-сенбесін білмей қалады, – дейді ол.

Сержан үшін әрбір экскурсия – елдің мәдениетін таныстырумен қатар, Қазақстанның абыройын арттыру миссиясы. Оның айтуынша, Алматының табиғаты мен дәстүрі шетелдік туристердің есінде мәңгі сақталатын әсерлі естелікке айналады.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

МАЖАББАТ пен МӘЖБҮРЛІК

Зорлыққа қарсы заң қалай жұмыс істеп жатыр?

Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі Қазақстанда заңдық тұрғыдан едәуір өзгерістерге ұшыраса да, қоғам назарынан кеткен жоқ. Кейінгі жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-шаралар мықтап қолға алынды. 2023 жылы Салтанат Нүкенованың экс-министр күйеуінің қолынан қаза болуы қоғамда үлкен резонанс тудырғаны белгілі. Жұрт арасында дау тудырған мәселе нәтижесінде Президент 2024 жылғы 15 сәуірде қол қойған Әйелдердің құқығын қорғау және балалардың қауіпсіздігі туралы заң былтыр 16 маусымда күшіне енді. Қабылданған заңның және мемлекет жүзеге асырып жатқан нақты шаралардың нәтижесінде Қазақстанда әйелдер мен балалардың құқығын қорғаудың озық заңнамалары мен тиімді жүйесі қалыптасты.

– Нәтижесінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері едәуір азайды. Мысалы, жыл басынан бері құзырлы органдарға тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты түскен арыздардың саны былтырғы осы уақпен салыстырғанда, 20,5%-ға төмендеді. Бұған қоса, ауыр және аса ауыр сипаттағы тұрмыстық қылмыстың саны азайған. Жыл басынан бергі бес айда аса ауыр тұрмыстық қылмыс 44%-ға, ауыр отбасылық-тұрмыстық қылмыс 29%-ға төмендеген. Сонымен қатар, бес айда кәмелет жасына толмағандарға қарсы жасалған жыныстық сипаттағы қылмыс саны 21,3%-ға, педофилияға қатысты қылмыс саны 40,7%-ға азайған. Жалпы, мемлекет тарапынан қолға алынған ұйымдастыру шаралары мен құқықтық шаралардың нәтижесінде соңғы бес жылда әйелдердің құқықтарын бұзған қылмыс саны екі есе азайған, – деді ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин.


Статистика не дейді?

Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық әлі де өткір күйінде. Жыл сайын жүз мыңнан аса адам жанұясында зорлықты бастан өткеріп, жүздеген әйел көз жұмады. Ішкі істер министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, тұрмыстық өмірде жасалатын құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың басым бөлігі әйелдер мен балаларға бағытталған. Әкініштісі, көп жағдай жасырын кейіпте қалып, жабулы күйде қалатыны жасырын емес.

2020 жылы пандемия кезінде шаңырақтағы ұрыс-керіс ушығып, тұрмыстық зорлық оқиғалары 42%-ға жуық көбейіпті. Ал 2013 жылы 137 мың тұрмыстық зорлық фактісі анықталғанын ескерсек, бұл сандардың жылдар бойы төмендемегенін аңғарамыз.

Ішкі істер министрлігінің дерегінде тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша 2022 жылы полицияға 115 мыңнан астам арыз түскен. БҰҰ-ның зерттеуі күйеуінен зорлық-зомбылық көрген қазақстандық әйелдердің небәрі 8%-ы ғана полицияға шағым түсіргенін растады. Демек, тұрмыстағы тауқыметті жасырған көп әйел құқық қорғау органдарының көмегіне жүгіне бермейді.

Жазаның күшейтілуі мен зорлық-зомбылықты алдын алу шараларының жаңа тәсілдері өз жемісін беріп жатыр. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 2024 жылдың 16 маусымы мен 31 желтоқсаны аралығында тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарламалар 28%-ға азайып, 40 мың оқиғаға жеткен. 2023 жылдың осы кезеңінде 55 000 жағдай тіркелді. 2025 жылдың бірінші тоқсанында 17 200-ден астам хабарла-



ма келіп түсті, бұл 2024 жылдың осы кезеңінде тіркелген 22 000 жағдайдан 21,3%-ға аз. 28 500 құқық бұзушыға қатысты әкімшілік шара қолданылып, оның 7700-і қамауға алынды. Бұл мәліметтерден күшіне енген заңның нәтижелі жұмыс істеп жатқанын көруге болады.

Жаңа Заңның талаптары қандай?

– Жаңа заң әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстар үшін жазаны күшейтуді көздейді. Осылайша бұрын ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру әкімшілік құқық бұзушылық ретінде сараланып келсе, енді осы тектес қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Жазаларға 80-нен 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту және 50 тәулікке дейін қамауға алу жатады. Балаға қатысты буллинг – әкімшілік құқықбұзушылық, ал өзін-өзі өлтіруге итермелеу – қылмыстық құқық бұзу түрлері қатарына қосылды.

– Жәбірленушіні азаптағаны үшін 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру, денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіргені үшін – 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру, денсаулыққа ауыр зиян келтіргені үшін – 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы бекітілді.

– Педофильді өлтіргені үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру, кәмелетке толмаған 16 жасқа толмаған балаларды жыныстық қудалау үшін 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту және 50 тәулікке дейін қамауға алу қарастырылған.

– Кәмелетке толмағанды заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін – 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру, ал кәмелетке толмаған баланы ұрлау – 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру шарасы қолданылады.

Зорлық-зомбылық «отбасының ішкі ісі» ретінде бағаланады

Зорлық көрген әйелдердің басым бөлігі үнсіз қалады. Себебі, бойдағы ұялшақтық, күйеуінен жасқану немесе

қаржылық тәуелділікке байланысты полицияға жүгінуден бас тартады. Тіпті, кейбіреулері «отбасымды сақтаймын» деп қорлыққа төзеді, мәселесін айтып, қоғамға жар салмайды. Осындай себептердің салдарынан тұрмыстық зорлық-зомбылық ұзақ уақыт бойы жалғасады. Ал кейде құқық қорғау органдары зорлыққа қатысты шағым түскенде мәселеге үстіртін қарап, «өзара татуласып алыңыздар» деп кеңес береді. Мұны бір жағынан қазақтың менталитетіне сүйену деп қарастырсақ болады. Өйткені, қазақ шаңырағында «ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» деген ұстаным бар.

Сонымен қатар, зорлықтың негізгі себептеріне жұмыссыздық, ішімдік пен есірткіге тәуелділік, өмір жағдайындағы күйзеліс әлеуметтік мәселелер жанжалды ушықтырып, соңы зорлыққа апарады. Кедейлік, баспана тапшылығы, көзге шөп салу мен опасыздық – отбасындағы шиеленісті күшейтетін негізгі факторлар. Десек те, көп жағдайда зорлық жасағандар өз әрекетін мас күйімен түсіндіреді. Қоғамда патриархалдық түсініктер әлі де үстемдік құрғандықтан, тұрмыстық зорлық зомбылық кейде «отбасының ішкі ісі» ретінде қарастырылады.

Қоғамда қызу талқыға түскен Дариға Бадықова мен Дархан Мұсаев арасындағы жанжал тұрмыстық зорлық-зомбылықтың тек физикалық қана емес, психологиялық және эмоционалдық аспектілерін де қамтитынын көрсетті. Белгілі болғандай, Бадықова бұл жағдайды «қастандық» деп бағалап, экс-күйеуінің әрекеттерін «қорлау» деп атады. «Өтірік бақытты адамның кейпін танытқанмын! Елдің адамымын ғой деп көп нәрсені ашып айтпағанмын. Бекер жасаған екенмін...», – деп жазды ол әлеуметтік желідегі парақшасында. Оның сөзінше, Дархан Мұсаевтың, продюсердің жаңа туындысы – «Ыстық ұя» фильмінің прокаты тұсында, бұл мәселені көтеруі – қастандық.

Дариға Бадықова мен Дархан Мұсаев арасындағы даудың жария болуы қоғамда түрлі пікірлер туғызды. Кейбіреулер актрисаның жеке өмірін ашық жариялауын сынға алса, енді бірі оның еркіндігін қолдады. Бұл жағдай тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қоғамда қалай қабылданатынын және әйелдердің өз құқығын қорғаудағы рөлін айқындап бергендей болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерболат ӘБІКЕНҰЛЫ,
жазушы:

Қоғамға тәрбие мен руханият жетіспейді

Жаңа Заңның әсерінен әйелдердің үстемдігі алға шығып, ер-азаматтардың қадірі түсетін секілді. Әйел Мемлекет қанатының астында болғандықтан, олар өздерінің қорғаны бар екенін асыра пайдаланып, шектен шығып кетпей ме деген сауал туады. Бұрын қазақ шаңырағында ажырасу болған жоқ, әр отбасыда бірлік пен татулық сақталды. Әйелдерді қылқындыру, ұрып-соғу, әлімжеттік көрсетуге қарсы заңның қабылданғаны өте дұрыс. Бірақ кішкентай дау үшін ер-азаматты түрмеге сүйрелеп, қамап тастау, айыппұл салу қаншалықты орынды?

Тағы бір мәселе – Қазақстанда бір заң ұсынылса, бірден іске асып кетеді. Өзге мемлекеттерде жаңа ереже кемінде 1–2 жыл халыққа әбден сіңгенше орындалмайды.

Отбасы берекесінің кетуі жауапкершіліктің жоқтығынан және өзімшілдіктен туындайды. Қазақта «Еркектің үні шықпаған үйден қыз алма» деген тәмсіл бар. Меніңше, табыс тауып, отбасын асырау – әйел адамның міндеті емес. Асүйден шықпайтын жігерсіз ер адамнан мінез кетеді. Қазіргі қоғамға тәрбие мен руханият жетіспейді. Үйде кітап оқылмайды. Қарынның тоқтығы мен уайымның жоқтығы, беталды қыдырыс қазақты құртады.

Айналаға көз тастасақ, қазір адамның бәрі ашушаң. Автобуста аяғын басып кетсең, баж ете қалуға дайын тұрады. Бұл қазақ шаңырағындағы отбасылық құндылық пен тәрбиенің әлсіреуінен болады. Ал Еуропа елдерінде мәдениет қалыптасқан, халық әр нәрсеге сабырлық танытады.

Дана
САДЫРҚАН.

Инфографиканы жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.



ОЙТҮРТКИ

ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ ДАҒДАРЫСЫ

Азаматтық неке: себебі мен салдары

Қазақ қоғамында отбасы – ең киелі құндылықтардың бірі. Ол береке мен бірліктің ордасы әрі ұлттың ұйытқысы есептеледі. Дегенмен, соңғы жылдары түрлі әлеуметтік және мәдени өзгерістер отбасы институтының әлсіреуіне ықпал етуде. Соның айқын көрінісі – азаматтық некенің көбеюі. Бүгінде көптеген жас жұптар ресми некеге тұрмай-ақ, бірге тұруды қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Олар мұны «заман талабына сай еркін таңдау», «бір-бірін танып-көрудің тәсілі» деп түсіндіреді. Алайда, бұл еркіндік кейде жауапсыздық пен сенімсіздікке ұласып, отбасылық құндылықтардың мәнін жойып барады.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Заң тұрғысынан алғанда, азаматтық неке – ер мен әйелдің некесін мемлекеттік тіркеуден өткізбей, бірге өмір сүруі. Мұндай одақ заңмен бекітілмегендіктен, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі мен баланың құқықтық жағдайы қорғалмайды. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне сәйкес, неке тек азаматтық хал актілерін тіркеу мекемесінде тіркелген сәттен бастап заңды күшіне енеді. Ал тіркелмеген некеде өмір сүретін адамдар заң алдында бір-біріне ешқандай міндеткерлікке ие емес.

Қоғамдық пікірге сүйенсек, жастардың ресми некеден қашуының бірнеше себебі бар. Материалдық тұрақсыздық – басты фактор. Тұрғын үйдің қымбаттауы, табыстың жеткіліксіздігі, әлеуметтік жауапкершіліктен қорқу – жастарды заңды некеден алшақтатады. Екіншіден, еркіндік пен тәуелсіздікке ұмтылу. Қазіргі буын жеке өмірін шектеусіз өткізіп, міндеттен гөрі жеңіл қарым-қатынасқа бейім. Үшінші – батыс мәдениетінің әсері. Әлеуметтік желілер мен шетелдік фильмдер азаматтық некені «заманауи өмір салты» ретінде дәріптейді. Төртіншіден, кейбір жастардың отбасылық өмірден қорқуы. Ата-аналарының ажырасуына куә болған буын үшін неке сенімнен гөрі тәуекел саналады.

Азаматтық некенің ең үлкен қаупі – оның әлеуметтік қорғансыздық тудыруында. Мұндай одақтарда көбіне әйел мен бала зардап шегеді. Ер адам отбасын тастап кетсе, әйелдің мүлікке немесе алиментке деген құқығын дәлелдеу қиынға соғады. Ал балаға әкелік құқық ресми түрде рәсімделмеген жағдайда, тіпті одан да күрделі мәселелер туындайды. Көп жағдайда мұндай қатынастар ажырасумен аяқталады, себебі «қажет болса кетіп қалам» деген түсінік заңдық жауапкершіліктің жоқтығынан туындайды. Нәтижесінде қоғамда жалғызбасты аналар мен әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалар саны артып келеді.

Тақырыпқа қатысты пікірлескен заңгерлеріміз Шаһризада Мәдіханнаның айтуынша, қазіргі таңда жалпы азаматтық процестердің ішінде ажырасуға қатысты процестер ең көп кездеседі екен. Осы орайда оның азаматтық некеге қатысты көзқарасын да білген едік:

«Мен заңгер ретінде де, жеке тұлға ретінде де азаматтық некеге қарсымын және оны заңдастыру тіпті дұрыс емес деп санаймын. Ол адамдардың еркіндігі, ғашықтардың бір-бірімен өмір сүріп көріп, ары қарай жараспа бөлек кетуі деген секілді ойлар жастарға дұрыс көрінуі мүмкін. Алайда, бұл түсініктің түбінде де жауапкершіліктен жалтару, отбасының тұрақсыздығы, моральдық дағдарыс жатыр. Сондықтан да бұл – қоғамдағы тұрақсыздықты көбейтетін мәселе деп қарауға болады», – дейді заңгер.



Ол сонымен қатар, азаматтық және заңды некені бұзу мәселелерінің жиілеуінің бір себебі, «баж салығының» төмендігі деп есептейді. Бұл ойын былай түсіндіреді: «Қазіргі таңда, бір неке бұзу процесінің құны орта есеппен 1000–1500 теңге шамасында. Бұл – кез келген тұлғаның қалтасы көтеретін сома. Процесс бірнеше айға созылғанымен оның жүру қарқыны өте жеңіл. Егер бұл процесті күрделендіріп, баж салығының мөлшерін біршама көбейтсе, адамдар ол ақшаны төлемеу үшін процесті созып, сол уақыт аралығында қайта татуласу ықтималдығы да артар еді. Нәтижесінде қоғамда ажырасу деңгейі де, жетім балалардың саны да азаяр еді», – дейді Шаһризада Мәдіхан.

Қазақ қоғамы үшін отбасы – моральдық, рухани және ұлттық тірек. «Отан – отбасынан басталады» деген ұғым ұлттың іргетасы болып келген. Бірақ бүгінде бұл іргетас босаңсып бара жатқандай. Азаматтық некені тек жеке адамдардың таңдауы ғана емес, ұлттық құндылықтарға да әсер ететін әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыруға тура келеді. Құрмет пен жауапкершілікке негізделмеген одақтың ұзаққа бармайтыны белгілі. Мұндай үрдіс кең етек алса, қоғамда ажырасу, бүтін емес отбасылардың көбеюі, бала тәрбиесіндегі қиындық сияқты жаңа әлеуметтік мәселелер күшейе береді.

Заң азаматтық некені шектемейді, бірақ оны қорғауға да міндетті емес. Яғни мұндай қатынаста жүрген адамдардың құқығы тек олардың өзара адалдығы мен сеніміне тәуелді. Ал мораль тұрғысынан қарағанда, неке – тек екі адамның емес, екі әулеттің, тіпті тұтас қоғамның бірлігі. Қазақы ұғымда некенің қасиеті тек махаббатта емес, жауапкершілікте. Азаматтық неке – қоғамдағы еркіндіктің көрінісі болғанымен, ол жауапкершілік пен тұрақтылықты әлсіретеді. Осының өзі қазіргі басты міндетті еске салатындай. Яғни отбасылық құндылықтарды сақтау, жастарға некенің рухани және әлеуметтік маңызын барынша түсіндіру. Өйткені, еркіндік – міндеттен қашу емес, жауапкершілікті ерікті түрде қабылдай білу дер едік.



(Сурет: Жи)

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

◆ Қазақстанда соңғы он жылда ресми тіркелген некелердің саны азайып, керісінше ажырасу мен азаматтық некелердің үлесі артқан.

◆ Бұл үрдіс әсіресе, Алматы мен Астана сияқты ірі қалаларда жиі байқалады.

◆ Әлеуметтанушылардың зерттеуінше, азаматтық некеде өмір сүретіндердің 70%-ы кейін ресми неке қиюды жоспарламайды.

Олардың басым бөлігі — 25–35 жас аралығындағы қалалық жастар.

◆ Бұл құбылыс әлемдік тенденциямен де үндес: мысалы, Еуропаның кей елдерінде некесіз бірге тұратын жұптар үлесі 50%-дан асады.

◆ 2024 жылғы дерек бойынша, Қазақстанда әр төртінші бала некесіз дүниеге келеді. Бұл көрсеткіш мегаполистерде айтарлықтай жоғары.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекзат ӘЛІМБЕКҚЫЗЫ,
психолог:

Жауапкершіліктен қорқудың көрінісі

Психологиялық тұрғыдан азаматтық неке қазіргі қоғамдағы сенім мен жауапкершілік дағдарысын көрсетеді. Мұндай қатынасқа баратын адамдар көбіне еркіндікті бірінші орынға қойып, тұрақтылықтан гөрі тәуелсіздікті таңдайды. Бірақ бұл еркіндік көп жағдайда қорқыныштан туындайды. Былайша айтқанда, кейбірі ресми некеден кейінгі міндеттемелерден қашады, енді бірі өткенгі сәтсіз тәжірибеден қорқады. Нәтижесінде олар «бірге өмір сүріп көру» арқылы өз сезімдерін сынағысы келеді. Алайда, психологиялық тұрғыдан азаматтық неке адам санасында тұрақсыздық тудырады. Себебі, мұндай қатынаста нақты шекара мен жауапкершілік анықталмаған. Ерлі-зайыптылар бір-бірін толық сеніммен қабылдай алмайды, себебі кез келген сәтте бұл қатынас үзілуі мүмкін деген ішкі қорқыныш сақталады. Ал сенімсіздік бар жерде эмоционалды байланыс та тереңдемейді.

Ресми некеде тұрған адамдар өздерін қауіпсіз сезінеді, өйткені олар ортақ өмірге заңды түрде жауапкершілік арқалап кіріседі. Ал азаматтық некеде мұндай сезім сирек болады, ондағы қатынас көбіне «уақытша» ұғымымен шектеледі. Мұндай жағдайда адамдардың ішкі тұрақтылығы бұзылып, сенімсіздік, қызғаныш, қорқыныш секілді сезімдер күшейеді. Психологтардың байқауынша, азаматтық некеде өмір сүретін жұптардың көпшілігі белгілі бір уақытта эмоционалды шаршау мен салқындауды бастан өткереді. Өйткені, мұндай қатынастың негізінде сенім емес, «тәжірибе» мен «ыңғайлылық» жатыр. Ал бұл, түптеп келгенде, адамның өзіне де, серігіне де зиян тигізеді.

Қорыта айтқанда, азаматтық неке – еркіндіктің емес, жауапкершіліктен қорқудың көрінісі. Шынайы бақыт пен тұрақтылық адамның өз сезіміне адалдығынан және өз таңдауы үшін жауап бере алуынан басталады. Сондықтан қоғам неке ұғымын жеңіл түрде қабылдаудан гөрі, оның рухани және психологиялық мәнін терең сезінуі қажет.





КӨГАЛДАНДЫРУ

«НАЛУК ОРМАНЫ» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Көкжайлау шатқалына 625 түп ағаш отырғызылды

«Таза Қазақстан» акциясы аясында Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі Көкжайлау шатқалында «Налук орманы» жобасы басталды. Жобаны «Налук» қоры Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп іске қосты. Бұл бастама экологиялық жағдайды жақсартуға, қоғамның экологиялық мәдениетін арттыруға, табиғатты қорғауға және жасыл желектер санын арттыруға бағытталған. 5 жылға есептелген жобаға 1 миллиард теңге бөлінген. Осы уақыт ішінде елдің үш өңірінде 4 миллионнан аса ағаш отырғызу жоспарланып отыр.

Идея көктемде өткен GreenAct экочелленджінен бастау алған. Сол кезде елдің түкпір-түкпірінде мыңдаған адам – оқушылар, компания қызметкерлері, өзге де белсенді азаматтар саябақтарды тазалап, қоқысты сұрыптап, көшет отырғызды. Мұндай бастама ендігі жерде ұзақ мерзімді экобағдарламаға айналды.

Экоакцияға Экологияға және табиғи ресурстар вице-министрі Нұркен Шәрбиев, белгілі эколог Мэлс Елеусізов, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ректоры Мейрам Бегентаев, Іле Алатауы ұлттық паркінің қызметкерлері, еріктілер, экология жанашырлары, БАҚ өкілдері, Алматы қаласы ЖОО студенттері мен оқушылары, жалпы саны 600-ден астам адам қатысты.

Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің директоры Елнұр Ахметовтың айтуынша, таудағы орман қорын көбейту жұмыстары алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады. Ұлттық парк қызметкерлерінің жіті қадағалауымен 1 гектар аумаққа 625 шырша отырғызылды.

Ігі іс-шараға зейнеткерлер де атсалысты. Алматы тұрғыны, зейнеткер Айгүл апай табиғатқа жанашырлықты ұрпақ тәрбиесінің бір бөлігі деп есептейді: «Жастарға сөзбен емес, іспен үлгі болуымыз керек. Ағаш егу – бұрыннан келе жатқан жақсы дәстүр. Осын-



дай бастамалар жиі болса екен. Акция туралы әлеуметтік желіден біліп келдік. Өз қолымызбен еккен ағаш ертең жайқалып өсіп кетсін деп тілейміз! Игілікті іске үлес қосқанымызға қуаныштымыз!», – деді ол.

Іс-шара барысында табиғат жанашырлары «Налук орманы» жобасына қосылуға

шақырды. Азаматтардың қолдауы елдегі жасыл аймақтардың артуына және экологияны сақтауға мүмкіндік берері сөзсіз. Экоакция жәй ғана ағаш отырғызу емес, Алматы қаласының экологиялық жағдайын жақсартуға, Қазақстан табиғатын сақтау мен қорғауға жасалған маңызды қадам болды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұркен ШӘРБИЕВ,
Экология және табиғи
ресурстар
вице-министрі:

– Жобаның алғашқы кезеңі Шығыс Қазақстандағы «Семей орманы» аумағында басталды. Жүздеген гектар өртенген аймаққа алғашқы 800 көшет егілді. Енді міне – Іле Алатауында жалғасуда.

Мұнда 5 гектар аумаққа 14 мың шренк шыршасы отырғызылады. Ал бүгін Көкжайлау шатқалында 625 түп ағаш бой түзейтін болады. «Таза Қазақстан» акциясы аясында бір жылда 996 экологиялық іс-шаралар өтті. Оған 4 млн. 200 мың адам қатысты. Ауқымды іс-шаралар аясында республика аумағында 2,5 миллионға жуық көшет отырғызылып, 600 тонна қоқыс тазаланды.

Еліміздің әр өңірінде осы сынды акциялар жалғасын табуда. Бүгін Іле көрікті Көкжайлау шатқалында өтіп жатқан іс-шараға куә болып отырмыз. Табиғатты қорғау – бір реттік іс-шара емес, басты міндет – қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру. «Налук орманы» сынды жобалар – экологиялық мәдениетті өміріміздің табиғи бөлігіне айналдыру жолындағы маңызды қадам.

Дәурен САРТАЕВ,
Налук Басқарма
Төрағасының орынбасары:

– «Налук орманы» жобасы Семейде басталып, одан кейін Астанада, бүгін Алматыда жалғасын тапты. Бұл акция жастар үшін, алғашқы қатысушылар үшін тәжірибе болуы мүмкін. Ауамыз таза, тауымыз жасыл, ағаштар көп болсын. Осы іс-шараға қатысып, қолдағандарыңыз үшін алғыс айтамын.

Елнұр АХМЕТОВ,
Іле Алатауы мемлекеттік
ұлттық табиғи паркінің
Бас директоры:

– Шренк шыршасы – Алматы қаласы Іле Алатауы бөктеріне, Тянь-Шань тау сілемдеріне бұрыннан жерсініп келеді. Жалпы, Ұлттық парк аумағында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасын іске асыру бойынша 97 600 адамды қамтыған 249 іс-шара өткізілді. Іс-шара нәтижесінде 8200 түп ағаш отырғызылып, 11,5 тонна қоқыс жиналды. Сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау және қалдықтарды басқару бойынша 2025 жылдың 9 айында парк аумағынан 886 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылса, қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау үшін 32 жабық алаңға қоқыс жинауға арналған 365 контейнер орнатылды.



МҰХТАР ӘУЕЗОВ КІТАПХАНАСЫ

Алматыдағы №4 кітапханаға ұлы қаламгердің есімі берілді

Алматыда қазақ әдебиетінің классигі, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің есімі берілген жаңа кітапхана ашылды. Рухани өмірдегі маңызды бұл оқиға №4 кітапхана-бөлімшесінде өтті. Енді ол Мұхтар Әуезов атындағы кітапхана деп аталады.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Кітапхананың басты ерекшелігі – Мұхтар мен Мұрат Әуезовтерге арналған арнайы мемориалдық бөлме. Онда жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты жеке заттар, сирек кәдесыйлар, фотосуреттер және бейнематериалдар қойылған.

Салтанатты рәсімге Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Күлкенов, жазушының ұрпақтары – Дінмұхамед Қонаев халықаралық қорының президенті Елдар Қонаев пен Мұхтар Әуезов музей-үйінің директоры Диар Қонаев қатысты.

Ашылу салтанатынан кейін арнайы «дөңгелек үстел» ұйымдастырылып, онда «Мұхтар Әуезовтің Қазақстан мәдениеті мен әдебиетінің дамуына қосқан үлесі» тақырыбы талқыланды. Іс-шараның тағы бір маңызды сәті – археолог, этнограф, ғалым Әлкей Марғұланнның бұрын жарық көрмеген «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» атты



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

еңбегінің тұсаукесері болды. Туынды алғаш рет араб тілінен қазақ және орыс тілдеріне аударылып, көпшілік назарына ұсынылды.

Әуезов есімі берілген кітапхананың қаланың рухани өміріне тынбай еңбек етіп келе жатқанын кітапхана меңгерушісі Әлия Іңкәрбек кеңінен айтып өтті. «50 жылдық тарихы бар бұл кітапханамыз бүгінгі таңда тәулік бойы жұмыс істейді.

Кітапхана 60 мыңнан астам бай кітап қорына ие, әрі оқырмандары да мол. Бұл білім шаңырағында түрлі мәдени және әдеби іс-шаралар ұйымдастырылады. Мінеки, бүгін бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан осы кітапхананың жаңартылған, салтанатты ашылуы болып отыр. Бұл – қаланың руханиятына қосылатын үлкен үлес болып табылады», – дейді Әлия Іңкәрбек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Смағұл ЕЛУБАЙ,
Қазақстанның Халық жазушысы:

Сөз алыбына тағзым жасадық

Бәріміз ұлы Әуезовтің оқырманымыз, сол қалың оқырманның сөз алыбына деген тағы бір тағзымы орындалып отыр. Яғни қаламыздағы №4 кітапханаға Мұхтар Әуезовтің аты беріліп жатыр.

Бұл – біз Әуезов тәрізді сөз алыбының рухына мәңгілік тағзым ете беруге тиіс екенімізді көрсетеді. Жалпы, Әуезовтің аты жүрген жердің бәрі киелі деп ойлаймын. Ұрпаққа Әуезов атының, Әуезов рухының, Әуезов жүріп өткен ұлы жолдың үлкен ғибраты бар. Ол – қазақтың бай тілін халқына аманат етіп қалдыруы. Сол бай тілден айырылып қалмау, әсіресе, жастарымызға байланысты. Сондықтан бүгінгі жастар ең алдымен Әуезовтің, қазақ сөзінің энциклопедиясы іспетті «Абай жолы» эпопеясынан бастап шығармаларын жиі оқып отырса, біздің тіліміздің байлығы еш уақытта сарқылмай, керісінше еселеп арта береді деп ойлаймын. Яғни жастарымыз Әуезов еңбектерінен қол үзбеуі керек.

ЕСКЕНДІР ХАСАНҒАЛИЕВ – 85

«ӘДЕМІ-АУ» ӘУЕНІМЕН ӨТКЕН ӘДЕМІ КЕШ

Алматы кітапханасында әнші-сазгердің өміршең әндері шырқалды

А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада Қазақстанның Халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, «Құрмет» және «Отан» ордендерінің иегері, әнші, композитор Ескендір Хасанғалиевтің туғанына 85 жыл толуына орай «Атамекен» атты еске алу кеші өтті.



Нұржамал
ӘЛІШ



Кештің мақсаты – қазақтың ұлы өнерпазы Ескендір Хасанғалиевтің шығармашылығын, оның музыкалық мұрасын насихаттау, сондай-ақ қазақ ән өнеріне қосқан үлесін еске алу. Иә, бұл мәдени, рухани іс-шара оның өнерінің маңыздылығын жастарға жеткізуге бағытталған.

Оқырман залына Ескендір Хасанғалиевтің жұбайы Дарико апай кіріп келгенде жиналып күтіп отырған жастар ұшып тұрып, әнші-сазгердің зайыбы ақырын

аяңдап төрге озғанша ұзақ қол соғып күтіп тұрды. Кейінгі буынның қошеметіне риза болған Дарико Хасанғалиева көпшілікке асқан ілтипатпен басын изей берді. Көңілінің толқығаны байқалды. Үйінен бір дорба тәтті ала келген екен, қазақтың жолымен шашу шашты. Өнер адамымен кешкен ғұмырынан естеліктер айтты. Кітапхана төрінен ұлы, композитор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Біржан Хасанғалиев пен немересі хәм өнер жолына қадам басқан

кішкентай Нұрсұлтан да орын алды.

Кеш меймандары – Мирас пен Құралай Бекжановтар мерейтой иесінің «Әдемі-ау», «Ескірген махаббат» әндерін әуелете шырқалды. Біржан Хасанғалиев ұлы сазгер-әншінің шығармаларынан попури орындап берді. «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әншілері – Мағжан Сатыбалды мен Ұлса Бектас та Ескендір Хасанғалиевтің танымал туындыларын домбыра және баянның сүйемелдеуімен

ұсынды. Жанарына жас тұнған Дарико апай барлық әнге қосылып отырды.

Кеш соңында Біржан Хасанғалиев Чехов кітапханасына әкесінің өмірі мен шығармашылығы туралы жазған кітабын тарту етті. Ал кітапхана жетекшісі Толқын Құрамысова ең кішкентай мейман – Нұрсұлтан Біржанұлына ертегі кітаптар сыйлады. Әрине, сосын кешті Ескендір Хасанғалиевтің үлкен-кіші бірге қосылып шырқаған әйгілі «Атамекен» әні түйіндеді.

ЛЕБІЗ

Біржан ХАСАНҒАЛИЕВ,
сазгер-әншінің ұлы, композитор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Халықтың ықыласына ризамын

Әкем Ескендір Хасанғалиевтің 85 жылдық мерейтойы еліміз бойынша жер-жерде өтіп жатыр. Оның ішінде осындай оқырмандармен кездесулер, концерттер, байқаулар бар. Міне, бір апта бұрын ғана Батыс Қазақстан облысынан тағы бір рухани-мәдени кездесуден келдік. Онда «Атамекен» атты үлкен фестиваль өтті. Он үшінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Әлеуметтану ғылымында «органика» деген термин бар. Мысалы, өнер адамы өмірден кетсе де, оның соңында қалған дүниелері, шығармалары ұмытылмай, жалғасын тауып, атымен бірге жасай береді. Демек, әкемнің жазған әндері мәңгілік, халық жүрегінен орын алған туындылар. Халықтың осынау құрметіне шексіз ризамын.

Серік АХМЕТОВ,
Алмалы ауданы Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары:

Әндерінің бәрі махаббатпен жазылған

Мен Торғай облысында қызметте жүрген кезім. 1972 жылы бізге Ескендір Хасанғалиев келді. Ол кезде облыстық партия комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков еді. Облыс енді құрылып жатқан кезең. Жөнді қонақүйіміз жоқ дегендей. Сонда Ескендір Хасанғалиев Өз-ағамыздың тапсырмасымен менің шаңырағымда қонақ болды. Колхоз, совхоздарды аралады, ұядай ғана клубтарда халыққа концерт берді. Көптің ықыласы ерекше болатын. Қазір ғана ұлы Біржан жазған кітаптан оқып қалдым, екі жүз алпыс тоғыз ән жазыпты. Әлі есімде, күнде кешке Алматыға, Дарикоға телефон соғатын, амандығын біліп жататын. Айнымас дағдысы еді. Неткен құрмет, сүйіспеншілік деп таңғалатынбыз. Ескендірдің әндерінің бәрі риясыз махаббаттан, мейірім, патриоттық сезімнен туғандықтан өміршең.

ҚЫЗМЕТ ПЕН ҚҰРМЕТ

МАХАББАТЫ – МАМАНДЫҒЫ:
Теміржолдың темірдей тәртібімен шындалған шебер

25 жылдан астам өмірін теміржол саласына арнаған Қуат Жармұхамбетов – адал еңбектің, табандылық пен кәсіби шеберліктің айқын үлгісі. Ол жолаушылар мен жүктердің қауіпсіз жеткізілуіне өмірін арнап, жастарға еңбекқорлық пен мамандыққа адалдықтың маңызын көрсетіп келеді.



1982 жылы Алматы қаласында дүниеге келген Қуат Вячеславович бала күнінен еңбекқорлыққа, жауапкершілік пен тәртіпке үйреніп өсті. Қай істе болмасын тиянақтылық пен адалдықты басты қағида еткен бозбала ержеткен соң дәл осы қасиеттерін кәсіби өмірінде де қолдана білді.

Алматыдағы Көлік және коммуникация колледжін тәмамдаған соң, 2002 жылы теміржол саласында электровоз-тепловоз машинисінің көмекшісі болып алғашқы еңбек жолын бастады. Тәжірибе мен кәсіби білімге деген ынтасы оны алға жетеледі. Екі жылдық еңбектен соң, 2004 жылы Қарағандыдағы арнайы оқыту орталығында машинист мамандығы бойынша біліктілігін арттырып, кәсіби деңгейін жаңа сатыға көтерді.

Оқуын сәтті аяқтаған Қуат Вячеславович Алматыдағы ТЧ-28 эксплуатациялық депо-сына машинист болып оралып, 2002–2011 жылдар аралығында тоғыз жыл үздіксіз еңбек етті. Осы жылдар ішінде ол машинистің екінші, кейін үшінші класын иеленіп, 10 000-нан астам жолаушы мен 25 000 тонна жүкті қауіпсіз тасымалдаған. Оның әрбір рейсі – жауапкершілік пен кәсібиліктің көрінісі.

2011 жылдан бастап Қуат Вячеславович Алматы метрополитенінде электроподвижной состав машинисі болып жұмысқа орналасты. Міне, 25 жыл бойы үздіксіз еңбектеніп келе жатқан ол 2,3 миллионнан астам

жолаушы мен 1,2 миллион тонна жүкті ешбір оқыс оқиғасыз тасымалдаған. Оның еңбегі Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасының қолдауымен лайықты бағаланып, кәсіби сенімділіктің символына айналды. Ол үшін басты қағида – қауіпсіздік пен сапа. Ол әрбір сапарда жолаушылардың амандығын, жүктің дер кезінде жеткізілуін мұқият бақылайды. Өз ісіне деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігі оны әріптестеріне үлгі, ал жас мамандарға нағыз тәлімгер етті. Ол жастарға: «Өз мамандығыңды жүрегіңмен таңда. Сүйікті ісіңмен айналысқанда ғана кәсіби биікке жетесің. Еңбек ет, үйрен, әр күннен тәжірибе жина» деп кеңес береді.

43 жасында екі баланың әкесі, отбасына берік, өз ісінің майталманы Қуат Вячеславович – еңбектің қадірін ісімен дәлелдеген жан. Оның өмір жолы – адал еңбек пен табандылықтың, өз ісін сүйе білудің айқын үлгісі. Теміржол саласындағы тәжірибесі 25 жылдан астам, оның ішінде машинист ретінде 23 жыл үздіксіз еңбек етіп келеді. Бүгінгі күні оның кәсіби тәжірибесі мен шеберлігі арқасында теміржол жүйесі сенімді жұмыс істеп, әр рейс уақытылы және қауіпсіз жүзеге асады.

Қуат Вячеславович – қарапайымдылығымен елге үлгі, кәсібилігімен абырой биігінен көрінген нағыз еңбек адамы.

МАШИНИСТ ЖОЛЫ – ЖАУАПКЕРШІЛІК
ПЕН ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Мейіржан Жұманбаев «Еңбек адамы–2025» аясында теміржол саласының үздігі атанды. Мейіржан Советұлы – Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласының тумасы. Оның теміржол саласына деген қызығушылығы бала кезінен басталған. Арманына ұмтылған ол Алматыдағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын аяқтап, кәсіби жолын 2012 жылы бастады. Содан бері 13 жылдан астам уақыт бойы Алматы локомотив пайдалану депосында тынбай еңбек етіп келеді. Осы бір еңбек жолы оның кәсіби шеберлігін шыңдаған, жауапкершілігін арттырған, әрі жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік берген маңызды кезең еді.



Еңбек жолының алғашқы қадамдарында машинисттің көмекшісі ретінде тәжірибе жинақтап, саланың қыр-сырын меңгерді. Ал өзінің алғашқы рет толыққанды машинист ретінде жауапты орынға отырған сәтін Мейіржан өміріндегі ең ерекше оқиға деп санайды. Сол кезде ол мыңдаған тонна жүктің, жүздеген жолаушының тағдыры өз қолында екенін шын сезініп, үлкен жауапкершілікті танығанын еске алады. Бұл сәт – оның кәсіби өміріндегі басты белес, үлкен сынақ әрі мақтанышқа айналды.

Мейіржан Советұлы үшін теміржол – жәй ғана жұмыс емес, өмірлік миссия. Оның басты қағидасы – еңбектен қашпау, үнемі іздену, білмегенін үйрену, білгенін толықтыру. Өз мамандығының үздігі болуды мақсат еткен ол әрбір сапарға үлкен ыждағатпен дайындалып, жолаушылардың қауіпсіздігі мен жүктердің дер кезінде жеткізілуін басты міндетке балайды. Оның кәсібіне деген шексіз сүйіспеншілігі мен ұқыптылығы – әріптестеріне үлгі, жас мамандарға бағыт-бағдар болып келеді.

Теміржол машинисті – сырт көзге романтикаға толы мамандық сияқты көрінгенімен, іс жүзінде ол ерекше жауапкершілік пен жоғары кәсіби шеберлікті талап етеді. Мейір-

жан Жұманбаев осы талаптарға толық сай, әрі кез келген жағдайда салқынқандылық пен шеберлігін көрсете білетін кәсіби маман. 13 жыл ішінде Мейіржан 5 мыңнан астам сапарға қатысып, 2 миллионнан аса жолаушыны діндеген жеріне қауіпсіз жеткізуге және 10 миллион тоннаға жуық жүкті тасымалдауға атсалысты. Бұл көрсеткіштер оның қажырлы еңбегінің айқын дәлелі.

Мейіржан Советұлының өмірлік ұстанымы – талпыныс пен ізденіс, кәсіби шеберліктің үздік үлгісі, адал еңбектің айғағы. Ол әрбір сапарды тек міндет ретінде емес, жауапкершіліктің, абыройдың, адал еңбектің көрінісі ретінде қабылдайды. Осының арқасында ол тек өз мамандығының ғана емес, еліміздің теміржол саласының да мақтанышы болып отыр.

Жұманбаев Мейіржан Советұлы – адал еңбектің, кәсіби шеберліктің және адамгершіліктің үлгісі. Оның қажырлы еңбегі мен кәсібіне деген сүйіспеншілігі – Қазақстан темір жолының сенімділігін арттырып қана қоймай, жас мамандарға үлкен шабыт береді. Осылайша оның үлесі тек бүгінгі күні ғана емес, болашақта да елдің теміржол саласының дамуына айрықша ықпал ететіндігі сөзсіз.

КӘСІП – ҚАСИЕТ

АҚ ХАЛАТҚА АДАЛДЫҚ
34 жылын адам өміріне арнаған абзал жан

Машорина Оксана Анатольевна 1971 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Мектептен кейін жүрек қалауымен Алматы қалалық медициналық училищесіне түсіп, фельдшер мамандығын меңгерді. Оқуды аяқтаған соң 4-подстанцияға жұмысқа орналасып, сол кезден бастап бар саналы ғұмырын жедел жәрдем қызметіне арнап келеді. Биыл оның осы саладағы еңбек өтілі – 34 жыл. Бұл – табандылық пен адалдықтың, жұмысына деген махаббаттың айқын үлгісі.



Қазір ол Медеу ауданындағы 4-подстанцияда бригадаларды бағыттап, жыл сайын 500-ден астам адамға шұғыл көмек көрсетілуіне үлес қосып келеді. Соңғы он жылда Оксананың араласуымен 1000-нан астам науқастың өмірі сақталып қалған. Жас кезінен-ақ ол өз мамандығына бар ынтасымен беріліп, тек кәсібилігімен ғана емес, жанашырлығымен де ерекшеленді. Кей кездері кадр тапшылығына байланысты түрлі бөлімшелерде жұмыс істеуге тура келді. Компьютерлік сауаттылығының арқасында бір кезеңде диспетчерлік бөлімде де абыроймен еңбек еткен.

Фельдшер мамандығы – ерлікке паранар іс. Әсіресе, күтпеген жағдайлар орын алғанда адамның сабырын жоғалтпай, жылдам әрі дұрыс шешім қабылдай білуі аса маңызды. Оксана Анатольевна осындай қасиеттерімен көзге түсіп келеді. Оның есінде ерекше сақталған оқиғалардың бірі – ішінің ауырсынуына шағымданған науқасқа бара жатқан жолда автобус аялдамасында бірнеше адамның көлік апатына ұшырағанын көруі. Абыр-сабыр болып жатқан сәтте ол саспай, бірден ең ауыр

жарақат алғандарға алғашқы көмек көрсете бастады. Қосымша жедел жәрдем бригадалары жеткенше, адамдардың өмірін сақтап қалуға бар күшін салды. Кейін ғана өз-өзіне келіп, сол сәттің салмағын сезінген. Мұндай ерлікті екінің бірі жасай бермейтіні анық.

Оксана Анатольевна – әріптестерінің арасында да зор беделге ие. Әрдайым біліктілігін арттырып, заманауи талаптарға сай болуға тырысады. Оның айтуынша, фельдшер мамандығы тек кәсіби шеберлікті ғана емес, сонымен бірге жүрек жылуын, мейірімділікті, төзімділікті талап етеді. «Адам өмірін сақтап қалудан асқан миссия жоқ» деген өмірлік ұстанымы оның бар еңбегінің айғағы.

Бүгінгі таңда ол – нағыз тәжірибелі маман, сан жылдар бойы 1500-ден астам адамның тағдырын сақтап қалған ақ халатты абзал жан. Оның 34 жылдық қажырлы еңбегі – ерлікке паранар. Осындай жандардың арқасында қоғамда үміт пен сенім жоғалмайды. Машорина Оксана Анатольевна – жәй ғана фельдшер емес, ол – адам өмірінің шынайы сақшысы.

АВИАЦИЯ САЛАСЫНЫҢ
МАҚТАНЫШЫ

Ержан Сәкенұлы – 1991 жылы 23 мамырда Жетісу облысы Сарқан қаласында ұстаздар отбасында дүниеге келген. Әкесі физика-математика пәнінің, ал анасы бастауыш сынып мұғалімі. Ержанға ата-анасы бала кезінен жан-жақты білім алуып, қоршаған ортаны қызыға зерттеуге баулыған. 1996 жылы отбасы Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылына қоныс аударып, осы ауылда мектепті тәмамдаған.



Білімге деген ынтасы Ержанды әрі қарай дамуға жетеледі. Ол Сүлейман Демирел атындағы университетке түсіп, «Екі шетелдік тіл» мамандығы бойынша білім алды. Сонымен қатар, Азаматтық авиация академиясын тәмамдап, «Әуе қозғалысына қызмет көрсету» саласы бойынша кәсіби дайындығын арттырды. Бұл дайындық оған авиация саласында сенімді жұмыс істеп, күрделі міндеттерді жауапкершілікпен орындауға мүмкіндік берді.

2016 жылы ол толығымен авиация саласына ойысып, РГП «Қазақавиация» мамандар даярлау орталығына оқуға түсті. 2017 жылғы ақпан айында орталықағы оқуын бітіріп, 2018 жылдың қыркүйегіне дейін тасымалдау қызметіне жұмыс істеді. Кейін Алматы халықаралық әуежайына қатысты жүк және жолаушы тасымалдау қызметіне ауысып, бүгінге дейін еліміздің ең ірі тасымалдау операторларының бірінде кәсіби қызметін жалғастырып келеді.

Ол жыл сайын орта есеппен 50 000–60 000 жолаушыны және 5000–6000 тонна жүкті қауіпсіз тасымалдайды. Оның кәсіби тәжірибесінде ерекше оқиғалар көптеп кездеседі. Әсіресе, 2020 жылғы

пандемия кезеңі айрықша есте қалады. Сол уақытта рейстер саны минималды деңгейге дейін қысқарғанымен, ол өз міндетін жауапкершілікпен орындады. Сол жылы әлемге танымал Ан-225 ұшағына қызмет көрсетуге қабылдау және оның ұшу-қону жолағы мен жүктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарына тікелей қатысу – Ержан үшін өміріндегі үлкен тәжірибе болды.

Ержан Сәкенұлы болашақ мамандарды батыл болуға шақырады. Жаңа нәрселерді сынап көру, жұмыс барысында кез келген тәжірибеден үйрену, өз салаңыздағы жаңалықтарды үнемі қадағалау – кәсіби жетістіктің басты кепілі деп санайды. Сонымен қатар, тәжірибелі әріптестерден кеңес алып, өз білімінді үнемі толықтыру маңызды дейді.

Ержан Дүкенов – авиация саласының мақтанышы. Оның кәсібіне деген сүйіспеншілігі, адал еңбегі және жаңа тәжірибелерге ашықтығы – тек бүгінгі күні ғана емес, болашақта да Қазақстан авиациясының дамуына айрықша үлес қосатыны сөзсіз. Осындай білікті мамандардың арқасында елдің тасымалдау саласы әрдайым сенімді, қауіпсіз және кәсіби деңгейде дамып береді деп сенеміз.



ALMATY OPEN

ТЕННИСШІЛЕР ТАРТЫСЫ

алматылықтарға мереке сыйлады

Алматыда 11 қазан күні басталған теннистен ATP 250 Almaty Open турнирі шешуші сәтке жақындап келеді. Жарыс 19 қазанға дейін жалғасады.

«Алматы Арена» кешенінде ұйымдастырылған турнир – ТМД елдерінде ATP 250 сериясындағы жалғыз жарыс. Ол қаламызда осымен екінші рет ұйымдастырылып отыр. Карен Хачанов, Даниил Медведев, Флавио Коболли және қазақстандық теннисшілер Бейбіт Жұқаев, Александр Шевченко сынды теннис әлемінің жұлдыздары қатысып жатқан жарыс қаламыздағы бұл спорт түрінің дамуына серпін беретіні сөзсіз.

ЖАРЫС ЖЕКПЕ-ЖЕГІ

Жекелей сайыстарға тоқталсақ, турнирдің алғашқы кезеңі қазақстандық теннисшілердің ішінде Александр Шевченкоға сәтті болды. Әлемдік рейтингте 91-ші орында тұрған отандасымыз алғашқы кездесуін әлемнің 79-ракеткасы, сербиялық Ласло Джеремен өткізді. Тартысты өткен екі партия да Шевченконың пайдасына шешілді – 7:6, 7:6. Ширек финалдың жолдамасын сарапқа салған екінші айналымда жерлесіміз әлемнің 41-ракеткасы, Франциялық Корентен Мутемен кездесті. Бірақ бұл жолы Франциялық спортшының шеберлігі басым болып, Александр жарыс жолынан шығып қалды.

Ал еліміздің үшінші ракеткасы Бейбіт Жұқаев ATP 250 санатындағы турнирдің екінші кезеңіне өте алмады. Бірінші айналымда қазақстандық теннисші америкалық Алекс Михельсенге 2:6, 3:6 есебімен есе жіберді. Ойын 1 сағат 14 минутқа созылды. Отандасымыз кездесуден кейін ойымен бөлісті: «Ойын оңай болған жоқ, бар күшімді салдым. Қарсыласым әлемдік рейтингте топ-50 қатарында тұрған мықты ойыншы. Соған қарамастан, барымды салуға тырыстым». Тимофей Скатов та жарысты бірінші айналымнан кейін аяқтады. Ол австралиялық Ринки Хиджикатадан 6:7, 6:2, 3:6 есебімен жеңілді. Тағы бір қазақстандық теннисші Әмір Омарханов Almaty Open ATP 250 турнирінің бастапқы кездесуінде жол берді. 17 жастағы спортшымыз былтыр Алматыда өткен турнирдің финалисі болған канадалық Габриэль Диаллоға 6:3, 6:1 есебімен жол берді.

– Доп қабылдау кезінде қиын болды деп айтар едім. Ол оң жақтан да, сол жақтан да қысым жасап, торға да жақын келді. Екі сетте де ол бірден брейк жасады, бұл оған сенімділік әкелді, сәйкесінше ойын мен үшін қиындай түсті. Бұл үлкен рөл атқарды деп ойлаймын. Биыл өткен жылға қарағанда, қысым көбірек болды. Шынымды айтсам, мен керісінше болар деп ойлап едім. Диалло өте жақсы ойнады, кімге ауыр тигенін айту қиын. Дегенмен, бүгін мен үшін күрделі болды, қарсылас рейтингте де жоғары тұр, қысымды да көп жасады, – деді ойыннан кейін Әмір Омарханов.

ДИМАШ ЖАҢА ТУЫНДЫСЫН ТАНЫСТЫРДЫ

ATP 250 Almaty Open турнирі аясында Димаш Құдайберген «Алматы Арена» сахнасында өнер көрсетті. Ол композитор ретінде өзінің «Самғау» атты жаңа туындысын ең алғаш осы спорт мерекесінде жұртқа таныстырды. Мерекелік кеште Қазақстанның халық әртісі Димаш Құдайберген көрермендерге бірнеше туындысын орындап, өзінің жаңа әнімен ерекше әсер қалдырды. Әншінің қазақ тіліндегі халыққа тарту еткен «Самғау» атты туындысы – аспанға самғаған қыранның өз халқы мен жалпы әлемге деген шексіз махаббатын бейнелейтін символдық арнау. Ән алғаш рет 5 қазанда Madison Square Garden сахнасында өткен Димаштың жеке концертінде шырқалып, кейін Мексикадағы «Stranger» шоуында екі рет орындалған болатын. Сонымен қатар, Димаш ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің әйгілі «Тау ішінде» әнін заманауи аранжировкада орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

«ОТАНДЫҚ ТЕННИСШІЛЕРГЕ ЖАНКҮЙЕРМІН»

Спорттық әрі музыкалық кеш барысында Димаш бірнеше сұраққа жауап берді: – Бұл жарыс өз елімізде өтіп жатқандықтан және оған біздің спортшылар қатысып, Қазақстанның беделін көтеріп жүргендіктен, мүмкіндігінше қарап, қолдау көрсетуге тырысамын. Әрине, өзімді бұл спортқа аса қызу жанкүйермін деп айта алмаймын, бірақ үнемі болмаса да, теннисті тамашалауға уақыт табамын.

– Теннис ракеткасын қолыңызға ұстап көрдіңіз бе?
– Әрине, ұстағанмын!
– Біздің теннисшілердің ішінде кімнің жанкүйерісіз?
– Барлығына бірдей. Қазақстанның Туын көтеріп шыққан әр спортшы мен үшін қымбат, барлығының да жанкүйерімін.
– Ал теннис туралы ән жазу жоспарыңызда бар ма?
– Шынымды айтсам, әзірге ондай жоспар жоқ. Бірақ болашақта бәрі болуы мүмкін, көре жатармыз.

СПОРТ ЖӘНЕ МЕЙІРІМ

ATP 250 Almaty Open халықаралық турнирі аясында танымал теннисшілер Карен Хачанов пен Фабиан Марожаң қаладағы «Асыл мирас» аутизм орталығына барды. Спортшылар орталықтың қызметіне зор қызығушылық танытып, аутизмге шалдыққан балалардың қарым-қатынас жасау, оқу және дербестік дағдыларын дамытуға көмектесетін бағдарламалар туралы білді. Almaty Open турнирінің өткен жылғы жеңімпазы Карен Хачанов пен әлемнің 52-ші ракеткасы Фабиан Марожаң бірнеше ойын және оқу сабақтарына қатысып, тәрбиешілермен және ата-аналармен әңгімелесті. Сондай-ақ, балалармен бірге уақыт өткізіп, бірге сурет салып, дамытуға арналған ойындарды ойнады. Орталықтың тәрбиеленушілері үшін атақты спортшылардың келуі нағыз мерекеге айналды. Қонақтар әр балаға көңіл бөліп, жылы жымиып, әзіл айтып, қолдау білдірді.

ФУТБОЛ

ДАСТАН – ҮЗДІКТЕР ТІЗІМІНДЕ

Әлемге танымал британдық The Guardian газеті үздік жас футболшылардың тізімін жариялады. Болашағынан үлкен үміт күттіретін 60 жас таланттың ішінде алматылық «Қайрат» футбол клубының шабуылшысы Дастан Сәтпаев та бар.

– Сәтпаев – осы маусымдағы Чемпиондар лигасының топтық кезеңіне шыққан қазақстандық «Қайраттың» ең жарық жұлдызы. Ол 2024 жылдың мамыр айында, 16 жасқа толуына үш ай қалғанда, Қазақстан біріншілігінде дебют жасады. Содан бері үлкен болашағынан үміт күттірді және ең шешуші сәттерде осы үмітті ақтап шықты, – деп жазды басылым. Сондай-ақ, The Guardian газеті Дастан Сәтпаевтың Чемпиондар лигасының бірінші іріктеу кезеңінде Словенияның «Олимпия» қақпасына гол соққанын, сосын Финляндияның «КуПС» клубымен

ойнағанда көзге түскенін, ал Словакияның «Слован» командасымен өткен қарымда ойында шешуші пенальтиді орындағанын жазды.

– «Челси» қаңтар айында Сәтпаевпен 4 миллион еуроға келісім жасасқанына қуанатын шығар, өйткені оның құны болашақта айтарлықтай өседі деген болжам бар. Ол жылдамдық пен техниканы ойын шеберлігімен үйлестіреді және 2026 жылдың тамызында «Стэмфорд Бридж» клубына қосылғанда ағылшын Премьер-лигасында өзін тағы көрсетпек, делінген The Guardians мақаласында.

Айта кеткен жөн, өткен аптада Дастан Сәтпаев Катардың Доха қаласына қосымша қаралуға аттанды. Бұл жөнінде «Қайрат» футбол клубы хабарлады. Жарақатына байланысты 17 жастағы шабуылшы Қазақстан құрамасының сапына қосылған жоқ. Ол 2026 жылғы әлем чемпионатының іріктеу кезеңіндегі Лихтенштейн және Солтүстік Македонияға қарсы ойындардан шет қалды.



Дастан Сәтпаев 2007 жылы 12 тамызда Алматы қаласында дүниеге келген. Футболшы 2024 жылдан бері алматылық

«Қайрат» командасы сапында 24 кездесуде 12 гол соғып үлгерді.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.

МОНИТОРИНГ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ: жұмыс нәтижелері қандай?

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахым мен Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов жұмыс сапарымен мегаполистің медициналық ұйымдарын аралады.

Сапар барысында олар қаладағы жетекші клиника-лардың жұмысымен, медициналық көмек көрсету жағдайымен және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жоспарымен танысты. Қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасына барды. Аурухана алматылықтар мен өзге өңірден келген пациенттерге шұғыл және жоспарлы медициналық көмек көрсетеді. Аурухананың қабылдау бөлімі, жансақтау және ота жасау блоктары, сондай-ақ жағдайды талдау орталығында болып, 2026 жылға жоспарланған ғимараттың қасбетін күрделі жөндеу және цифрлық технология енгізу мәселелеріне ерекше назар аударды. Одан кейін қалалық Кардиологиялық орталығын көріп шықты. Мұнда кардиохирургия саласындағы жетістіктер таныстырылды. Инновациялық әдістер мен заманауи жабдықтың енгізілуі арқасында орталыққа қаралушылар саны артқан, ал өлім көрсеткіші едәуір төмендеген. Қалалық ревматологиялық орталық – мегаполистегі бірегей моноталдаулы клиника. Аутоиммундық диагностика зертханасы бар. Мұнда күніне 150-ден астам пациентке консультациялық көмек көрсетіліп, жыл сайын шамамен 2700 адам стационарлық ем алады.

Басшылар қалалық Адам репродукциясы орталығында да болып, онда аяқталған күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Орталықта пренаталдық және неонаталдық скринингтен бастап, «Бір күндік клиника» форматындағы қызметтер мен балалар гинекологиясына дейінгі кең ауқымды медициналық көмек көрсетіледі. Алдағы уақытта

ЭКО орталығы мен Генетикалық зерттеулер институтын ашу жоспарланған.

Делегация Орталық қалалық клиникалық ауруханаға да барды. Мұнда жаңа корпусың құрылысы жобасымен танысып, КТ және МРТ кабинеттері бар диагностикалық бөлімде болды.

Ал, Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығы –352 орынға арналған стационар. Онда жыл сайын шамамен 100 мың балаға көмек көрсетіледі. 2024 жылдан бастап халықаралық Emergency стандартына сай жаңа қабылдау бөлімі, жансақтау және ота жасау блогы ашылған. Орталық заманауи диагностикалық құралдармен жабдықталған әрі елдің оңтүстік өңіріндегі жалғыз балалар күйік бөлімімен және Қазақстандағы жалғыз балалар офтальмологиялық бөлімімен ерекшеленеді.

Қазір орталықта 60 жылдық тарихы бар негізгі ғимаратты кезең-кезеңмен қайта жаңғырту жобасы әзірленіп жатыр, оған инженерлік жүйе мен инфрақұрылымды жаңарту кіреді.

Сондай-ақ, делегация Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасында болды. 360 орынға арналған бұл стационарда 1980 жылы салынған ғимаратты күрделі жөндеу мәселесі талқыланды. Аурухана жұқпалы аурумен ауыратын балаларға тәулік бойы көмек көрсетіп, қаланың инфекциялық қызметіндегі негізгі буын болып табылады.

Сапар қалалық Қан орталығын аралаумен аяқталды. Мұнда донорлық қанды скринингтен өткізуге арналған бесінші буындағы заманауи жабдық орнатылған, бұл адам факторын толықтай жояды. 2025 жылдың тоғыз айында орталықта шамамен 14 мың рет қан мен оның компоненттері донорлыққа қабылданды.

Бұл жұмыс сапары – Алматы қаласында медициналық көмек сапасын арттыру және қалалық денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру бағытындағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі.

БІЛГЕНІЗ ЖӨНІ

ҚАНДАЙ ҮДЫСҚА ТАМАҚ ІСТЕП ЖҮРСІЗ?

Сыртқы жабыны, яғни сыры ұшып кеткен стабамен (сковородка), қазанмен тамақ дайындап жүрсіз бе? Ал шын мәнінде, мұндай ыдыстармен ас дайындауға болмайды. Оның бірнеше себебі бар екен.

1. Химиялық қауіп

Тамақ істей бастағанда ішіне салған етің, аскөгің де еш жабыспай, маймен бірге қалқи кететін табалардың көпшілігінде тефлон (PTFE) немесе басқа фторполимерлі жабын қолданылады.

Егер сырылған болса, жоғары температура кезінде ол: ● улы булар (мысалы, перфтороктан қышқылының қалдықтары – PFOA және басқа қосылыстар) бөлуі мүмкін;

● бұл, әсіресе, тығыз жабық бөлмеде немесе жануарлар (әсіресе, құстар) бар жерде қауіпті.

2. Металл бөлшектердің түсуі

Жабыны кеткен жерде металдың өзі (әдетте алюминий немесе болат) тікелей асқа түседі. Уақыт өте келе микробөлшектер жиналып, организмге түсуі, бауырға және асқазанға әсер етуі мүмкін.

3. Термиялық теңсіздік және тағамның күйіп қалуы

Жабыны бүлінген сковородка жылуды біркелкі таратпайды, сондықтан:

- тағам тез жабысады;
- май күйіп, қатерлі канцерогендер (акриламид және т.б.) пайда болуы мүмкін.

Не істеу керек?

- Егер сковородка қатты сыры кеткен болса, жаңасын алу керек.
- Уытсыз балама ретінде:
 - шойын таба;
 - болат (нержавеика);
 - керамикалық жабынды нұсқалар.



(Сурет: ЖИ)

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ



ФТИЗИОПУЛЬМОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ зертханаға арналған жабдық алды

Алматы қаласының Фтизиопульмонология орталығы зертханалық зерттеулердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында материалдық-техникалық базасын нығайтуды жалғастыруда.

Жуырда аталған медициналық мекеменің Орталық бактериологиялық зертханасына II класты екі заманауи биологиялық қауіпсіздік шкафы жеткізілді.

«Заманауи биологиялық қауіпсіздік шкафтарын алу – туберкулез және басқа да жұқпалы ауруларды диагностикалау тиімділігін арттыру, сондай-ақ мамандарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам.

Заманауи жаңа жабдық туберкулез микобактерияларымен жұмыс істеу барысында персоналдың қорғалу деңгейін арттырады, зертханалық зерттеулер жүргізу жағдайларын жақсартыды, биологиялық қауіпсіздік бойынша халықаралық талаптарға сай болуды және жоғары жүктеме жағдайында да тұрақты әрі қауіпсіз жұмысты қамтамасыз етеді», – деді Фтизиопульмонология орталығының директоры Ж.Сапиева.

АРТЕРИЯ

СТИЛЛ СИНДРОМЫ: Дәрігерлер жоғары технологиялы ота жасады

Алматы қаласының Орталық қалалық клиникалық ауруханасында күрделі эндоваскулярлық ота – сол жақ бұғанаасты артериясының сағасына стент қою (стенттеу) сәтті жүргізілді. Операцияны қан тамырлары хирургы Сұлтан Илиев жасады.

Науқаста Стилл синдромының белгілері байқалған, яғни басы жиі ауырады, басы айналады, құлағынан шуыл кетпейді және физикалық жүктемеден кейін есінен танып қалатын болған. Мұндай белгілер ми мен аяқ-қолға қан жеткізетін артериялардағы қан айналымының бұзылғанын білдіреді.

Тексеру нәтижесінде бұғанаасты артериясының сағасында атеросклероздық тарылу (стеноз) анықталған. Сондықтан стент қойылып, қан тамырының тарылған бөлігі кеңейтілді. Нәтижесінде ағзадағы қан айналымы қалпына келді.

Отадан кейін науқастың жағдайы едәуір жақсарды: басының айналатыны, есінен танып қалуы тоқтап, жалпы денсаулық жағдайы түзелген.

Мұндай жоғары технологиялы оталар Орталық қалалық клиникалық ауруханада заманауи ангиографиялық жабдықта жүргізіледі. «Бұл әдіс қантамыр ауруларын ашық хирургиялық отасыз тиімді емдеуге, оңалу кезеңін қысқартуға және науқастардың өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді», – дейді мамандар.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 30 қыркүйектегі №245 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 14 қазанда №215521 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2025 жылғы 30 қыркүйек

№245

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы
№183 «Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №183 «Алматы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Алматы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 2 086 488 484,3 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 1 851 720 900 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 56 805 603,6 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 7 075 206,7 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 170 886 774 мың теңге;
2) шығындар – 2 388 078 592,2 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 35 513 400,3 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 77 566 687 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 80 216 687 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 414 670 195,2 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 414 670 195,2 мың теңге.»;
6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 31 271 018 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«7. Қорғаныс шығындары 28 004 902 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 57 295 436 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«9. Білім беру шығындары 643 607 648 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«10. Денсаулық сақтау шығындары 95 818 512 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 74 095 431 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 619 698 609 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік 111 605 874 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 20 473 966 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 38 883 247 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 8 311 209 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«17. Көлік және коммуникация шығындары 342 199 399 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«18. Басқа да шығындар 176 319 018 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихатының
2025 жылғы 30 қыркүйектегі
№245 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының
2024 жылғы 6 желтоқсандағы
№183 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласының
2025 жылға арналған бюджеті

Санаты					Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Атауы			
		Ішкі сыныбы			
		Специфика			
1				2	3
				I. Кірістер	2 086 488 484,3
1				Салықтық түсімдер	1 851 720 900,0
	01			Табыс салығы	1 331 438 856,2
		1		Корпоративтік табыс салығы	651 052 541,0
		2		Жеке табыс салығы	680 386 315,2
	03			Әлеуметтік салық	358 038 585,0
		1		Әлеуметтік салық	358 038 585,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	68 392 308,8
		1		Мүлікке салынатын салықтар	40 815 410,0
		3		Жер салығы	3 969 029,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	23 603 167,7
		5		Бірыңғай жер салығы	4 702,1

	05			Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	61 640 557,7
		2		Акциздер	22 135 827,3
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	7 594 967,4
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	31 909 763,0
	07			Басқа да салықтар	2 752,3
		1		Басқа да салықтар	2 752,3
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	32 207 840,0
		1		Мемлекеттік баж	32 207 840,0
2				Салықтық емес түсімдер	56 805 603,6
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 100 737,9
		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	809 960,1
		3		Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер	623 023,2
		4		Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	441 974,0
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2 471 598,0
		6		Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	713 486,5
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	40 696,1

	02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	6 789,4
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	6 789,4
	03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	53 417,7
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	53 417,7
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	41 928 793,9
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	41 928 793,9
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	9 715 864,7
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	9 715 864,7
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	7 075 206,7
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 493 265,9
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 493 265,9
	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	4 581 940,8
		1		Жерді сату	3 737 611,0
		2		Материалдық емес активтерді сату	844 329,8
4				Трансферттердің түсімдері	170 886 774,0
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	170 886 774,0
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	170 886 774,0

Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
Функционалдық кіші топ					
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
			Атауы		
			II. Шығындар	2 388 078 592,2	
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	31 271 018,0	
		111	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	373 782,0	
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	373 782,0	
		121	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	5 085 977,0	
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	5 082 351,0	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 626,0	
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	8 388 511,0	
		001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	5 833 089,0	
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 555 422,0	
		362	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	280 686,0	
		013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	280 686,0	
		379	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	1 017 966,0	
		001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	980 395,0	

(Басы 15-бетте)

			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	37 571,0
		318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	10 876 641,0
			001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	657 149,0
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 364 634,0
			011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	85 000,0
			014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	64 458,0
			028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	8 705 400,0
		523		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	3 079 478,0
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 785 443,0
			002	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	89 659,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	15 144,0
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	189 232,0
		369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	2 167 977,0
			001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 684 796,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 501,0
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	480 680,0
02				Қорғаныс	28 004 902,0
		515		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	2 733 339,0
			003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	202 993,0
			004	Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	2 158 398,0
			005	Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру	371 948,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 080 649,0
		030		Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	1 080 649,0
		387		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	12 876 567,0
			003	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары	2 694 527,0
			004	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары	192 657,0
			005	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою	9 989 383,0
		515		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	11 314 347,0
			001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 242 499,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 164 997,0
			006	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою	7 626 851,0
		032		Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	280 000,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	57 295 436,0
		352		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	42 744 198,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	37 182 166,0
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	18 000,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 544 032,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	9 488,0
		021		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	9 488,0
		328		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	14 541 750,0

		004	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	14 541 750,0
04			Білім беру	643 607 648,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	37 230 987,0
		029	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	37 230 987,0
		360	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	50 651 127,0
		034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	50 651 127,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	19 049 663,0
		006	Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту	5 402 471,0
		037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	13 647 192,0
		323	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	10 208 057,0
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	8 683 163,0
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	1 524 894,0
		360	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	280 572 726,0
		003	Жалпы білім беру	69 782 151,0
		004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	8 487 443,0
		005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 712 266,0
		008	Балаларға қосымша білім беру	12 004 724,0
		019	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	68 000,0
		040	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	159 745 336,0
		204	Жеке орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру	27772806
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	154 413 426,0
		027	Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту	5 272 892,0
		028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	44 635 588,0
		069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	23 420 981,0
		205	«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	81 083 965,0
		339	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	3 609 627,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	3 609 627,0
		360	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	52 163 345,0
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	52 163 345,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	7 381 948,0
		046	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	7 381 948,0
		121	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	10 965,0
		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	10 965,0
		339	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	227 539,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	227 539,0
		339	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 025 877,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	1 025 877,0
		360	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	27 062 361,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	748 184,0
		006	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	2 004 426,0
		007	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	4 478 277,0
		009	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1 123 925,0
		013	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	3 105 788,0
		014	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	373 644,0
		021	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қорғаншыға (қамқоршыға) берілетін ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	405 607,0

			027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алған Қазақстан азаматтарына берілетін біржолғы ақшалай қаражат төлемі	2 367,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	14 466 476,0
			069	Балалар құқығын қорғау саласында іс-шаралар өткізу	353 667,0
05				Денсаулық сақтау	95 818 512,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	14 408 416,0
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	351 061,0
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	65 362,0
			017	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	1 323 259,0
			041	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	12 668 734,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	40 768 220,0
			009	Алматы қаласында денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту	1 347 927,0
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	39 420 293,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	4 971 391,0
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	4 971 391,0
			339	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	598 233,0
			039	Денсаулық сақтау субъектілерінің қосымша медициналық көмектің көлемін көрсетуі, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	598 233,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	54 060,0
			029	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары	54 060,0
		339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	35 018 192,0
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	838 521,0
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	93 806,0
			016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол журумен қамтамасыз ету	7 273,0
			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	224 630,0
			030	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	4 868,0
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	33 849 094,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	74 095 431,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	2 426 470,0
			056	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	2 426 470,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	11 959 193,0
			014	Жалпы үлгідегі медициналық - әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 918 325,0
			020	Психоневрологиялық медициналық - әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	4 393 429,0
			021	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 507 462,0
			022	Балалар психоневрологиялық медициналық - әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 400 197,0
			029	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	3 893,0
			064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	655 049,0
			076	Әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	80 838,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	1 899 429,0

(Жалғасы 17-бетте)



(Басы 15–16-беттерде)

			016	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	1 431 724,0
			037	Әлеуметтік сауықтандыру	467 705,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 215 000,0
			039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	1 215 000,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	24 546 009,0
			003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	2 083 316,0
			030	Тұрғын үй көмегін көрсету	29 003,0
			031	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	5 805 375,0
			033	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	9 948 915,0
			035	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	6 679 400,0
		328		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	7 580 714,0
			018	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау	7 580 714,0
			355	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	16 543 077,0
			003	Жұмыспен қамту бағдарламасы	14 000 700,0
			009	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	1 727 613,0
			016	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу	814 764,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	2 814 712,0
			036	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	24 014,0
			037	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1 856 525,0
			039	Кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	934 173,0
			355	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 205 668,0
			001	Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	803 976,0
			019	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1 670 127,0
			026	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16 858,0
			028	Күш көрсету немесе күш көрсету жауіпі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	417 350,0
			062	Біліктілік жүйесін дамыту	2 528,0
			066	Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	16 027,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	278 802,0
		362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	49 159,0
			077	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	49 159,0
			511	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	1 856 000,0
			054	Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	856 000,0
			068	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру	1 000 000,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	577 198 609,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	4 946 474,0
			050	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	4 946 474,0
			351	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	121 146 933,0
			010	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	121 146 933,0
			373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	124 002 646,0
			012	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	10 223 150,0
			017	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	7 000 869,0
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	106 778 627,0

		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	21 430 291,0
			001	Жергілікті деңгейде коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 570 406,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	950 006,0
			008	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	15 851 807,0
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	58 072,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	180 993,0
			008	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	180 993,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	50 916 934,0
			042	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	49 794 105,0
			043	Қаланы абаттандыруды дамыту	1 122 829,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	64 306 436,0
			001	Жергілікті деңгейде энергетика және сумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 390 911,0
			007	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	61 687 188,0
			016	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	95 996,0
			028	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	497 384,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	634 957,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	9 178 798,0
			017	Қаланы абаттандыруды дамыту	9 178 798,0
		520		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы	12 262 199,0
			001	Жергілікті деңгейде қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	211 587,0
			002	Қаланың қоғамдық кеңістігінің элементтері болып табылатын құрылыстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	7 545 784,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	678,0
			006	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 504 150,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	135 002 973,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	14 045 914,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	32 012 442,0
			010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	982 330,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	87 962 287,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	124 462,0
			041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда)	124 462,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	3 379 361,0
			037	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 379 361,0
		520		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы	30 320 109,0
			003	Қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру	30 320 109,0
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	111 605 874,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	10 464 573,0
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	1 998 426,0
			044	Шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру	8 466 147,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	17 038 439,0
			004	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	11 127 155,0
			005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 281 474,0
			006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	2 000,0
			007	Театр және музыка өнерін қолдау	3 254 674,0
			008	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 373 136,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	16 058 075,0
			014	Мәдениет объектілерін дамыту	16 058 075,0

		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	7 661 872,0
			046	Спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру	7 661 872,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	15 334 464,0
			001	Жергілікті деңгейде спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	228 488,0
			002	Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 754 700,0
			003	Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы	12 302 310,0
			016	Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 048 966,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	10 734 265,0
			015	Спорт объектілерін дамыту	10 734 265,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	12 383 080,0
			001	Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 377 613,0
			009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 467,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	4 773 053,0
			009	Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 523 463,0
			010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	1 249 590,0
		362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	5 403 420,0
			005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	5 348 070,0
			009	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	55 350,0
		380		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы	5 551 545,0
			001	Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	239 410,0
			002	Туристік қызметті реттеу	4 595 080,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 415,0
			007	Креативтік кеңістіктерге жағдайлары мен инфрақұрылымын жасауды қоса алғанда, креативтік индустрияны дамыту жөніндегі қызметтер	707 640,0
		302		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы	3 412 812,0
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	532 071,0
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	2 835 061,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	45 680,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	1 536 167,0
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	244 246,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 291 921,0
		362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	1 254 109,0
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 200 177,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	26 435,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	27 497,0
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	20 473 966,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	20 473 966,0
			012	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	20 473 966,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	38 883 247,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	4 249 082,0
			011	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	29 177,0
			014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	698 225,0
			016	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	74 698,0
			021	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	18 592,0
			022	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	628 120,0
		034		Жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйгін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу	270,0
			056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	2 800 000,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	907 413,0



(Басы 15-16-17-беттерде)

			009	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	907 413,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	33 209 826,0
			001	Жергілікті деңгейде экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	527 258,0
			004	Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар	14 829 192,0
			005	Экожүйе объектілерін дамыту	16 397 843,0
			006	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау	839 739,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 500,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	612 294,0
		351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	516 926,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	412 654,0
			008	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	20 972,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	83 300,0
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	8 311 209,0
		324		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы	478 210,0
			001	Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	455 672,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	22 538,0
		365		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сәулет және қала құрылысы басқармасы	3 417 245,0
			001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	683 402,0
			002	Елді мекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу	2 725 711,0
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 132,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	4 415 754,0
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 241 129,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	174 625,0
12				Көлік және коммуникация	313 064 159,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	8 695 061,0
			045	Елді-мекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу	8 695 061,0
		329		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы	101 081 490,0
			007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	61 839 635,0
			016	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	39 241 855,0
		328		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	4 930 160,0
			007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	4 930 160,0
		329		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы	1 034 661,0
			001	Жергілікті деңгейде жол инфрақұрылымын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	438 453,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	596 208,0
		328		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	197 122 787,0
			001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	155 691,0
			008	Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау	13 335 235,0
			009	Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	112 071 835,0
			011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау	73 333,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	71 486 693,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	200 000,0
			025	Көлік инфрақұрылымын дамыту	200 000,0
13				Басқалар	124 237 571,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	32 379 712,0

			005	Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау	1 751 055,0
			017	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	30 000 000,0
			018	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру	428 657,0
			082	Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру	200 000,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	4 346 774,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	4 346 774,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	265 415,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	265 415,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	3 400 428,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 714 216,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	24 325,0
			004	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	1 329 685,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	332 202,0
		328		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	567 484,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	567 484,0
		523		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	44 230 000,0
			013	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының резерві	40 000 000,0
			022	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консальтациялық сүйемелдеу	4 230 000,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	38 074 324,0
			031	Әкімшілік ғимараттар кешенін салу	37 307 623,0
			048	Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту	766 701,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	973 434,0
			018	«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын дамыту	973 434,0
14				Борышқа қызмет көрсету	5 302 367,0
		523		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	5 302 367,0
			005	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	5 299 468,0
			018	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	2 899,0
15				Трансферттер	258 908 643,2
		523		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	258 908 643,2
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	865 542,4
			007	Бюджеттік алып коюлар	251 515 914,0
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттік шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	438 882,0
			029	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кетерде, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің өтініштері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен жалпы республикалық не халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізілген жағдайларда, сондай-ақ агломерацияларды дамыту мақсатында берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	5 788 304,0
		053		Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	0,8

			030	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне жалпыреспубликалық немесе халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізетін жағдайларда, сондай-ақ агломерацияларды дамыту мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астана әкімдерінің өтінішхаты бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша берілетін нысаналы даму трансфертері	300 000,0
				III. Таза бюджеттік кредит беру	35 513 400,3
				Бюджеттік кредиттері	43 500 000,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	42 500 000,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	42 500 000,0
			012	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ -ға бюджеттік кредит беру	42 500 000,0
13				Басқалар	1 000 000,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 000 000,0
		007		«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ -ға кредит беру	1 000 000,0
05				Бюджеттік кредиттерді өтеу	7 986 599,7
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	7 986 599,7
			06	Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	7 766 650,0
		13		Жеке тұлғаарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	219 949,7
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	77 566 687,0
				Қаржы активтерін сатып алу	80 216 687,0
12				Көлік және коммуникация	29 135 240,0
		329		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы	29 135 240,0
			019	Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту	29 135 240,0
13				Басқалар	51 081 447,0
		328		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	20 614 818,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	20 614 818,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	6 698 796,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	6 698 796,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	3 493 104,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	3 493 104,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	20 195 829,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	20 195 829,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	78 900,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	78 900,0
06				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	2 650 000,0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	2 650 000,0
			02	Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатудан түсетін түсімдер	2 550 000,0
			05	Мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер	100 000,0
				V. Бюджеттік дефицит	-414 670 195,2
				VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру	414 670 195,2



БАСПАСӨЗ – 2025

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.
Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.



ІЛТИПАТ

ҮЛКЕН ЖҮРЕК ИЕСІ

Бостандық ауданының үздік әлеуметтік қызметкерлері марапатталды



(Суреттер: автordікі).

Сәтбаев университетінде әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік кешті Бостандық ауданы әкімі аппараты ұйымдастырды. Аудан өкілдері жиналған қауымды кәсіби мерекесімен құттықтап, алғысын жеткізді.



Нұржамал
ӘЛІШ

– Әлеуметтік қызметкерлер – бұл үнемі мұқтаж жандардың жанынан табылып жүретін, жаны ізгі, мейірімді адамдар. Иә, сіздер атқарып жүрген еңбек әлемдегі ең ізгі және шыдамдылықты, кәсі-

билікті, үлкен жүректі қажет ететін сала. Осынау адами құндылықтар төрінен көрініп жүрген әрқайсысыңыз үшін қуаныштымын, – деді Бостандық ауданы әкімінің міндетін атқарушы Сәкен Аралбаев.

Іс-шара әлеуметтік саланың барлық қызметкеріне алғыс білдіріп, олардың қоғамның дамуына және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға қосқан өлшеусіз еңбегін атап өтуге бағытталған.

Мерекеде осы салада абыройлы еңбек етіп жүрген мамандар 7 номинация бойынша марапатталды. Олардың ішінде «Ауданның үздік әлеуметтік қызметкері», «Ауданның үздік меди-

циналық-әлеуметтік мекемесі», «Аудан бөлімшесінің үздік меңгерушісі» сынды аталымдар бар. Жеңімпаздар анықталарда әлеуметтік қызметкерлер барып қызмет көрсетіп жүрген отбасылардың да бағасы, ықыласы ескерілді дейді сарапшылар.

Жалпы, Бостандық ауданында 100-ден астам әлеуметтік қызметкер бар. Мерекеде сол жандардың арасынан оза шапқандары бүгін алғысқа, марапатқа ие болды. Құшақтары гүлге, жүздері қуанышқа толды. Мерей тасыған жандардың құрметіне Бақтияр Тайлақбаев, Тахмина Әшімбекова, «Ағайынды» тобы ән-жырдан шашу шашты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Раушан
ҚАЛБАБАЕВА,
«Ауданның
үздік
әлеуметтік
қызметкері»
номинация-
сының
жеңімпазы:



Барлық әріптесім құрметке лайық

Мен Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының №1 бөлімшесінде еңбек етемін. Осы салада жүргеніме 15 жыл болды. Қамқорлығымда мүмкіндігі шектеулі алты бала бар. Олардың жүйке жүйесінде ауытқу болғанымен, мені таниды, күнде күтеді, іздейді, есіктен көрінсем, қуанады. Кетіп бара жатсам қол бұлғап қимай қолшасады. Себебі, мен жұмыс күндері олармен ылғи біргемін. Балдырғандардың қолына қалам, қағаз ұстап сурет салуына, тамақ ішуіне де көмектесемін. Олар көңілденсе, ән де салып, би билейді. Ата-аналары жұмысқа кеткенде олардың бір жүгін көтерісіп, солай балаларына қарайласамыз. Үлкендердің мұңын да тыңдап, оларға сөзімізбен, жүрегіміздің жылуымен қолдау білдіреміз. Яғни біздің миссиямыз үлкен. Осы еңбегіміздің бағаланып жатқанына қуаныштымын. Осылай әр отбасына сүйеу болып, адамгершіліктің, қамқорлықтың, жанашырлықтың жарқын үлгісіне айналған барлық әріптесім құрметке лайық деп білемін.

ХАБАРЛАНДЫРУ



(Сурет: ЖИ)

2025 жылғы 13–20 қазан аралығында Алматы қаласы аумағында «Тұрмыстағы профилактика» атты қалалық жедел-алдын алу іс-шарасы (ЖАІШ) өткізілуде.

Алатау аудандық полиция басқармасының тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес бөлімшесінің қызметкерлері аталған акцияға белсенді қатысуда. Іс-шара аясында тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, профилактикалық есепте тұрған тұлғалар тексерілуде. Әсіресе, қорғау нұсқамалары шығарылған және арнайы талаптар белгіленген азаматтарға ерекше көңіл бөлінуде.

Іс-шараның мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу мәдениетін қалыптастыру, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Полиция қызметкерлері қала тұрғындары мен қонақтарын кез келген зорлық-зомбылықтан аулақ болуға, бір-біріне құрметпен қарауға және барлық мәселелерді бейбіт түрде шешуге шақырады.

Қажет болған жағдайда келесі телефондарға хабарласуға болады:

102 – Полиция.

111 – Балаларға арналған сенім телефоны.

150 – Зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арналған бірыңғай қолдау қызметі.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Ернұр РЫСБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЖОЛ және ЖОЛҒАУШЫ

**Айналаға
бажайлап
қарап, бағамдап
отырсаңыз, автобуста
да, жол үстінде де
өмір, тіршілік тынысы
бар. Байқағанымды,
көргенімді қағазға
түсірген едім. Оқи
отырыңыздар.**

«252»

Алматы мен Есік қаласының (Алматы облысы) арасына қатынайтын 252 деген маршрут бар екен. Есіктен келе жатырмын.

«252-нің» жүргізушісі аялдамадан әрі-рекпен қол бұлғап жүгіріп келе жатқан әйелді отырғызып алды. Есіктен ендіге кірген әйелге 40-тар шамасындағы жүргізуші жігіт:

– Үлгердіңіз-ау әйтеуір, төрлетіңіз, жайғасыңыз, – деді күліп. Жылы шырай танытып сөйлескеніне танитын адамы шығар дедім.

Күн күйіп тұр. Жолдан бала құшақтаған ер адам мен келіншек қол көтерді. Оған да тоқтады.

– Бұл жерде аялдама жоқ қой, – деді жүргізуші, зілсіз бірақ.

– А, да, забыла, – деген әйел ұяла аузын басып еріне қарады.

Екі бойжеткен түсуге ыңғайланды.

– Аға, осы жерге тоқтай салыңызшы, – деді қараторысы.

– Пәлі, мына қыздар қайтеді?! Аялдама жоқ қой бұл жерде. Е-е, болты, жолақысын қолма-қол төлеген қыздарға болады, – деген жүргізуші тоқтады сұраған маңайға.

Келесі аялдамадан ерлі-зайыпты үлкендер мінді.

– Кіріңіздер, төрлетіңіздер! Ано-оу жоғарыға шығыңыздар, – деді. Танысы екен деп қаласыз.

Жасөспірім қыз мінді. Жолақысын төлемекке әмиянын ақтарып жатыр.

– И-и, алтынқыз, сөйтші, қолма-қол берші, төкші мына жерге әмияныңды! – деп тағы бір күлдірді жүргізуші. Дауысынан тиын алып қалайын деген пайдакүнемдік емес, әзілге жақындығы, жайдары жігіт екені сезіліп тұр.

– Менің де өзің сияқты ұлым бар. Жалпы, алты балам бар, шүкір, – деп қойды мақтанышпен.

Әлгі «а, да, забыла» деген орыс әйел түсіп бара жатып жүргізушіге «спасибо» деп еді, жігіт:

– Жақсы. Сәлем айт, – деп қояды.

Әрі қарай ыңылдап ән айта бастады.

Автобусы тап-таза. Қазақша әуен ойнап тұр. Желдеткіші бар. Жайлы. Жүргізушісі де жайлы. Жолаушының бәрі туысқаны сияқты. Адамдарды, айналаны, жұмысын жақсы көру деген осы шығар!

НЕМЕРЕ

– Қайдан келесің? – деп жөн сұрады жігітағасы замандасынан.

– Бастықты жұмысына апарып тастап келемін.

– Бастықты тасып жүрсең, таң атпай автобуспен келе жатқаның қалай?

– Е-е, үйдегі үлкен бастығымызды айтам, балабақшасына апарып салып келем. Еңбек демалысына шыққанмын, қазіргі жұмысым осы, бастығымды кешке алып қайтамын сосын. Әке-еңнің, сондай тәтті өзі! – деген жас атаның қарлығыңқы үнінің өзі жылылыққа тұнып тұрды.

БАЛА

Автобусқа отырған 8-9-дардағы бала «Оңайым» жоқ деді. Арқасында асынып алған сөмкесі бар екен. Таңмен таласа тұрып, күрес үйірмесіне бара жатқанға ұқсайды. Алдыңғы орында отырған жігіт ағасы:

– Қазір мектебіңе жақындағанда түсе бер, мен төлей саламын, – деді. Бала басын шұлғыды.

Жүргізуші баланы аялдама жоқ болса да тура мектеп алдына түсіріп кетті. Тоңып қалмасын дегені шығар. Бала шопыр ағаға бұрылып рахметін айтты. Баламысың деген, жолақысын төлеген, «жақсы күресетін бол» деп таңғы тілегін білдірген бейтаныс ағаны ұмытып та кетті. Мейірім деген ғажап сезім ғой, айдалада отырған бізді де қанаттандырып тастады. Адамдардың пейілі тарылып кеткен деп кім айтты?!

Осы оқиғаны Facebook парақшама салған болатынмын. Жақсы пікірлер жазылыпты.

Айгүл ИСМАҚОВА:
– Рахмет, Сізге! Осындай еңбек адамдарын насихаттау керек бізге! Ішкенін, жегенін, тигенін айтатындар қарапайым еңбек адамдарын шаршататын болды.

Зәуре ЗАҚАНҚЫЗЫ:
– Кейде жеңіл көлігімді тастап, Алматыға жаяу шыққанда осы «252-ге отыруға тырысамын. Жаңа, таза. Желдеткіші істеп тұрады. Жүргізушілері құдды курс өткендей.


Азатжан БАҚАСОВ:
– Біз қалаға бара жатып осы автобусты отырамыз. Әркез адамға лық толы болады, әсіресе, Алматыдан шыққанда. Осы автобусты отырған кейбір жастар үлкендерге орын бермейді (бәрі деп көпке топырақ шаша алмаймын әрине). Әсіресе, орысша тәрбие көргендер сондай бола ма деймін. Өзім зейнеткермін орын бер деп ешкімнен сұрамаймын да, құдай екі аяққа қуат берсін деп тұра беремін. Ал енді жүргізушілер шыдамды адамдар ғой, бәріне көнеді, жалпы олар психолог болып келеді, адаммен қалай қарым-қатынас жасауды меңгерген. Жүргізушілерге мың алғыс!

Рахия ТЕМІРХАНОВА:
– Бәрекеңді! Осындай көңіліңді қош ететін, алаң етпейтін әңгіме оқып көтеріліп қалдым ғой. Елдің ішінде адами қасиетті биік ұстап, өмірде өзі сол жолды қарым-қатынаста ұстана алатын адамдардың барын дәлелдеп бердіңіз.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ,
журналист.**



КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.